



Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі  
Министерство общественного развития  
Республики Казахстан



«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы  
Научно-исследовательский центр «Молодежь»

# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ИДЕЯСЫНЫҢ МӘНМӘТІНІНДЕ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ»

Әдістемелік құрал

## ВОСПИТАНИЕ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ В КОНТЕКСТЕ ИДЕИ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Методическое пособие



Астана, 2018

**Николаева О.В.**

**«Рухани жаңғыру» идеясының мәнмәтінінде жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу» әдістемелік құралы /Методическое пособие «Воспитание духовно-нравственных ценностей молодежи в контексте идеи «Рухани жаңғыру» О.В. Николаева, А.Б. Ермаков, А.В. Приходько - Астана: «Жастар» ҒЗО, 2018. – 130 б.**

«Рухани жаңғыру» идеясының мәнмәтінінде жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеу» әдістемелік құралы Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің мемлекеттік тапсырмасын орындау шеңберінде әзірленген.

Аталған әдістемелік нұсқаулықта Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мәнмәтініндегі қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың ерекшеліктері қарастырылған. Әдістеме материалдарында патриотизм, еңбек, отбасы, денсаулық, девиантты мінез-құлық профилактикасы секілді ұғымдармен байланысты жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру үдерісі қаралған.

Әдістемелік нұсқаулық жастармен жұмыс жасайтын кәсіби топтарға: жастар саясаты саласындағы мемлекеттік құрылымдар, мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары және жастар ресурстық орталықтарына бағытталған.

Методическое пособие «Воспитание духовно-нравственных ценностей молодежи в контексте идеи «Рухани жаңғыру» разработано в рамках выполнения государственного задания Министерства общественного развития Республики Казахстан.

В настоящем пособии рассмотрены особенности формирования духовно-нравственных ценностей казахстанской молодежи в контексте Программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». В материалах пособия рассмотрен процесс духовно-нравственного воспитания молодежи в тесной связи с такими понятиями как патриотизм, труд, семья, здоровье, профилактика девиантного поведения.

Методическое пособие ориентировано на профессиональные группы, работающие с молодежью: государственные структуры в сфере молодежной политики, школы, колледжи, вузы, молодежные ресурсные центры.

© «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы

© Научно-исследовательский центр «Молодежь»

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ИДЕЯСЫ МӘНМӘТІНІНДЕ  
ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН  
ТӘРБИЕЛЕУ**

<b>Глоссарий.....</b>	<b>4</b>
<b>Кіріспе.....</b>	<b>6</b>
<b>Тарау 1. «Рухани жаңғыру» Бағдарламасы мәнмәтінінде Қазақстан жастарының рухани-адамгершілік тәрбиелеудің негізгі аспектілері және өзектілігі.....</b>	<b>8</b>
1.1. Жастардың құндылықтарын құруда әлеуметтену үрдісінің рөлі.....	8
1.2. Жастарды патриоттық тәрбиелеу ерекшеліктері және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері .....	21
1.3. Жас қазақстандықтар санасындағы еңбек құндылығы .....	27
1.4. Қазақстандық жастардың отбасылық құндылықтарының заманауи күйі.....	32
1.5. Денсаулық және бос уақыт саласында жастардың заманауи құнды мақсаттарының ерекшеліктері.....	37
1.6. Құндылықтар жүйесі мәнмәтінінде жастардың әумесерлік мінез-құлқы	43
<b>Тарау 2. Заманауи жастардың құндылық мәселелерін шешуге қатысты ұсыныстар.....</b>	<b>47</b>
2.1. Патриоттықты және ұлттық бірегейлік нығайтуға қатысты ұсыныстар..	47
2.2. Қазақстандық жастардың санасында еңбек құндылығын нығайту бойынша ұсыныстар .....	48
2.3. Қазақстандық жастардың арасында отбасылық құндылықтарды нығайту негіздері .....	49
2.4. Жас қазақстандықтардың арасында салауатты өмір салты мен белсенді бос уақытты өткізуді дәріптеуге қатысты ұсыныстар.....	51
2.5. Жастардың әумесерлік мінез-құлқын алдын-алуға қатысты ұсыныстар.	53
<b>Қорытынды .....</b>	<b>58</b>

## ГЛОССАРИЙ

**ЖАҒАНДАНУ**– саясат, экономика, әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің әлеуметтік-мәдени үлгілерінің өзара әрекеттесуінің белсенді үрдісі орын алатын халықаралық жүйенің даму үрдісі. Жаһандандудың ықпалы мемлекеттің ұлттық шекараларынан асып түседі [1].

**ДЕВИАЦИЯ (АУЫТҚУ)**– белгілі бір қоғамда қабылданған, жалпы қабылданған әлеуметтік-мәдени нормалардан ауытқу. Девиация представляет с собой угрозу для общественного порядка [2].

**РУХАНИЛЫҚ**– адам өміріндегі жоғары мақсаттарды түсінудің моральды-этикалық санаты, тұрмыстың іргетастыө өмірлік сұрақтарына жауаптарды табуға ұмтылу [3].

**БІРЕГЕЙЛІК** – нәсіл, этнос, дін, тіл немесе саяса, кәсіби және өзге көзқарастар, мүдделер бойынша жалпы сипаттамалар мен көзқарастарды бөлетін, қандай да бір топпен немесе қоғаммен ұқсастыққа негізделген, тұлғаның өзін-өзі анықтау түрі [4].

**ОТАН СҮЙГІШТІК**– Отанға және халыққа сүйіспеншілік, өз елінің және қоғамның әл-ауқаты жолында жұмыс жасауға ұмтылу, оның идеалдарына сенім және өз халқының мәдени өзіндік ерекшелігін сақтауға ниеттену [5].

**«РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ»** – жалпы ұлттық бағдарлама, оның негізінде Мемлекет басшысы – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания») мақаласы алынған [6].

**ӘЛЕУМЕТТЕНУ** –әлеуметте толыққанды бірігу үшін қажетті адамгершілік тәжірибені, әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, білімдер мен дағдыларды индивидтің игеру үрдісі [7].

**ЕҢБЕК**– адамның мақсатты және қоғамдық пайдалы дене немесе зияткерлік қызметі. Еңбек, өзінің жеке құрамдауышынан өзге, индивидтің әлеуметтік сәйкестендірілуін де атап өтеді [8].

**ЖАСТАР** –Қазақстан Республикасының он төрт жастан бастап жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары [9].

**ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**– белгілі бір әлеуметтің аясында тарихи құрылған және отбасы мен отбасылық қатынастардың құрылуын реттейтін, әлеуметтік мақұлданатын нормалар [10].

## **БЕЛГІЛЕНУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

**МЖС** – мемлекеттік жастар саясаты

**СӨС** –салауатты өмір салты

**АТТ** –ақпараттық-түсіндірме топ

**млн.** – миллион

**ҚР ҰЭМ** – Қазақстан Республикасының ұлттық экономика Министрлігі

**НЗМ** –Назарбаев зияткерлік мектептері

**ДТ**– дұрыс тамақтану

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**БАҚ** –бұқаралық ақпарат құралдары

**ТжКБ** – техникалық және кәсіби білім беру

**мың** – мың

**ад.** – адам

## КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда ұлттық саясаттың негізгі артықшылығы ұлттың рухани жаңғыруы болып табылады. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаласында атап өтілген, елдің эволюциялық дамуын қамсыздандырудағы рухани жаңғырту маңыздылығы шоғырландырылған жалпы ұлттық құндылықтарды тереңдетуге айрықша назар аударып отырып, рухани саланы түбегейлі өзгертуді болжайды.

Елдің саяси және экономикалық жаңару жетістігі, ең алдымен, маңыздылығында айрықша орын жастарға берілетін, рухани деңгейіне тәуелді. Жаңа идеялардың ықпалына айрықша зерек көңілді, көптеген және үдемелі әлеуметтік топ ретінде жастар рухани жаңғыртудың негізгі ресурсы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев рухани жаңғыртудың келесідегідей негізгі маңызды бағыттарын атап көрсетті: білімге табылу, тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизм, эволюциялық даму, ұлттық бірегейлікті сақтау және сананың ашықтығы. Заманауи қазақстандық жастардың санасында дәл осы қасиеттер мен құндылықтарды тәрбиелеу мен нығайту өте маңызды.

Қоғамның, өркениеттің дамуы мен өрлеуінің жетекші күші ретінде білім әрқашан да «руханилық» ұғымының орталық санаты болып табылған. Жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі оның оң көрінісіндегі консерватизм элементтерін сақтап қана қоймай, сонымен бірге жас ұрпақтың зияткерлік даму саласында модернистік ағымнан тұруы тиіс. Заманауи білімдер мен ақпарат әлеуметті құратындығын атап өту қажет. Әлеуметтені үрдісінде жастардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін нығайтып қана қоймай, сонымен бірге заманауи әлемнің сын-тегеуріндеріне оның бейімдік қабілеттерін жоғарылату өте маңызды.

Ұлт жетістігінің маңызды факторы жастардың бәсекеге қабілеттілігі болып табылады. Заман білімдер мен дағдылардың жинағына – компьютерлік сауаттылық, шетелдік тілдерді меңгере отырып – жастар ата-бабалардың дағдылары туралы да естен шығармаулары тиіс – «нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалана білу. Яғни, мінез-құлықтағы прагматизм дегеніміз – заманауи әлемдегі жалғыз сәтті үлгі болып табылады»[6].

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «бірегейлік сақтаудың» маңыздылығын атап өтті. Бүгінгі таңда, ұлттық бірегейліктің құрылуы әлеуметтің ішінде ғана емес, сонымен бірге сыртқы



факторлардың ықпалымен құрылуы жағдайында, жастардың санасында – тілді, мәдениетті, дәстүрді сақтау маңыздылығы секілді ұлттық құндылықтарды құру және нығайту маңызды. Мәдени кодты сақтау отбасылық құндылықтардан да тұрады. Отбасы базалық әлеуметтік институт болып табылады, сондықтан жастарда отбасылық құндылықтарды құру рухани-адамгершілік тәрбие басымдылығы болып табылады. Үйлесімді отбасының негіздерін сақтау – қазақстандық әлеуметтің қалыпты және толыққанды қызмет етуінің кепілі.

Рухани жаңғырту мәнмәтінінде жастардың денсаулыққа және салауатты өмір салтына қатынасымен байланысты сұрақтар айрықша өзекті болып табылады. Қоғамның айрықша маңызды әлеуметтік тобы ретінде жастар денсаулығының жағдайы халықтың әл-ауқатының көрсеткіші және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі, сондай-ақ оның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы болып табылады. Бүгінгі таңда жастардың әлеуметтік, психикалық және репродуктивті денсаулық еліміздің зияткерлік және мәдени капиталы ретінде өзекті мәселелер болып қалады.

Әлеуметтік әл-ауқат пен тұрақтылыққа төнетін күрделі қауіп жастардың арасындағы әумесерлік мінез-құлықтың өсуі болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбиелеу үрдісі әумесерлік мінез-құлықтың дамуына және жас қазақстандықтарды жасампаз қызметке ынталандыруға ықпал ететін теріс әлеуметтік құбылыстарды реттеуі және жоюы тиіс.

Осылайша, жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу тұтасымен алғанда мемлекет пен қоғамның дамуының басымдылығы болып табылады. Бұл мәдениет, өнер, білім беру және технология саласындағы заманауи тенденциялар мен алдыңғы ұрпақтың тәжірибесінің үйлесімділігіне негізделуі тиіс кешенді үрдіс.

# **1 «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ МӘНМӘТІНІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІЛІГІ»**

## **1.1 Жастардың құндылықтарын құруда әлеуметтену үрдісінің рөлі**

Заманауи кезеңде қазақстандық қоғам саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени әлеуеттің тасымалдану кезеңінде орналасқан. Заманауи жастардың құндылық бағдарлары бірқатар құрылымдық өзгерістерді бастан өткізуде, бұл болашақта бір мәнді емес салдарларға алып келуі мүмкін. Сондықтан рухани-адамгершілік бағдарларды құру және даму жас ұрпақты тәрбиелеуде бастапқы рөлге ие. Басым әлеуметтік-мәдени орнатулардың бөлігі мораль туралы қазақстандық қоғамның дәстүрлі түсініктеріне сәйкес келмейтін, заманауи ортадағы моральды-адамгершілік векторды жоғалтпағаны өте маңызды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы моральды-адамгершілік жаңаруына, қазақстандық әлеуеттің рухани жаңғыруына бағытталған, рухани қалпына келтіруді өз мақсаты етіп алады. Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі элементтері отбасы, еңбек, денсаулық құндылықтарын қалыптастыру, жастардың әумесерлік мінез-құлқын алдын-алу болып табылады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – тұлғаға ұйымдастырылмаған және мақсатты әрекеттің бірлікте көрініс табатын, адамды дамытудың әлеуметтік үрдісі, себебі әлеуметтендіру үрдісінде туғаннан бастап тән емес, индивидтің рухани қажеттіліктері қалыптасады және дамиды.

Әлеуметтендіру үрдісі ретінде рухани-адамгершілік тәрбиесінің нәтижелігі әлеуметтік ортаның тері және бақыланбайтын ықпалының төмендеуі, оның оң ықпалын күшейтілуі, тәрбие құралдарының барлық арсеналын қолдану жағдайында жоғары болады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл оған рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қоғамның интегральдық, стратегиялық ресурсы, ал адамның меңгерген рухани-адамгершілік құндылықтары әлеуметтік тиімді мінез-құлыққа басшылыққа ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтендіру барысында тұлғаны өзіндік анықтау және өзіндік іске асыру үшін негіздеме болып табылады.

Осылайша, жас адамның әлеуметтену жетістігі, ең алдымен, тұлғаның адамгершілік қасиеттері мен рухани мәдениеті қаншалықты дамығандығына тәуелді.

Әлеуметтену – бұл қоғамның өзге мүшелерімен өзара әрекеттесетін, рационалды тұлғаға адамның өзгеруі орын алатын «әлеуметтік ортаға



индивидтердің енуі» [11]. Әлеуметтену ұрпақтардың әлеуметтік репродукциясы мен сабақтастығы үшін маңызды [12].

Бұл үрдіс әлеуметтену агенттері арқылы орын алады: алғашқы және қайталама. Алғашқы агенттер жақын ортадан тұрады: отбасы, туысқандар, достар. Қайталама агенттер индивидтің сыртқы ортасын ұсынады: мектептер, институттар, мекемелер. Әлеуметтенудің негізгі өнімі – бұл келесідегідей әлеуметтік дағдылар мен білімдер жинағына ие, ересек азамат (сур.1):



Сурет 1. Әлеуметтік дағдылар мен білімдердің жинағы

Әлеуметтенуді екі деңгейге шартты түрде бөлуге болады: бір жағынан – бұл психологиялық, жас сипаты, екінші жағынан – бұл әлеуметтік үрдіс. Индивидтің әлеуметтенуі екі негізгі кезеңнен өтеді:

- Ерте әлеуметтену (алғашқы): 0 жастан бастап 18 жасқа дейін;
- Кеш әлеуметтену (қайталама): 18 жастан бастап өмір бойына.

Индивидтің жастық әлеуметтенуі келесі өмірлік кезеңдерде орын алады: мектепке дейінгі, мектеп және ересек жастағы. Ерте балалық кезеңнен бастап жасөспірімдік жас аяқталғанға дейінгі кезеңге дейін адамның негізгі психологиялық ерекшеліктері, оның ішінде мінез-құлықтың әлеуметтік-психологиялық түрлері қалыптасады. Бозбалалық және жас жастағы әлеуметтену кезеңі білім беру, коммуникацияның базалық белгілерді және элементтерді игеру, қоғамдағы өнімді өмірлік қарекет үшін қажетті білімдер мен дағдылар секілді өмірлік аспектілерді қамтиды. Мектеп және ересек әлеуметтену кезеңінде дүниетанымды және дүниені қабылдау, моральдың іргетастық қағидалары мен құндылықтар жүйелерін қалыптастыру орын

алады, олар арқылы индивид әлемді бағалайды. Осылайша, 18 жасқа қарай тұлға қалыптасқан болып есептеледі [13].

Әлеуметтенудің екінші кезеңінде адаммен жинақталған барлық жүк психологиялық және зияткерлік аспектілерде әлеуметтік ортада өзінің іске асыру арнасын табады.

2017 жылы «Жастар» Ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген, «Жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу саласында қазақстандық құндылықтарды зерделеу» зерттеуіне сәйкес «Сіздің ойыңызша, қазақстандық жастардың рухани-адамгершілікті тәрбиесі үшін ең алдымен кім жауап беруі тиіс?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 79,3%-ы отбасы деп жауап беріп, 7,2%-ы мектеп деген жауапты таңдаған және 4,1%-ы «жастарға қолдау көрсету және дамуы үшін жауап беретін мемлекеттік органдар» деп жауап берген [14](кесте 1).

**Кесте 1.** «Сіздің ойыңызша, қазақстандық жастардың рухани-адамгершілікті тәрбиесі үшін ең алдымен кім жауап беруі тиіс?» сұрағына берілген жауаптардың бөлінуі

	<b>Жастардың тәрбиесі үшін кім жауап беруі тиіс</b>	<b>%</b>
<b>1</b>	Отбасы	79,3
<b>2</b>	Мектеп	7,2
<b>3</b>	Жастардың қолдауы мен дамуы үшін жауап беретін мемлекеттік органдар	4,1
<b>4</b>	Достар мен құрдастардың компаниясы	2,1
<b>5</b>	Қоғамдық ұйымдар	1,5
<b>6</b>	Мешіт, шіркеу	1,4
<b>7</b>	Телевидение және БАҚ	1
<b>8</b>	Әскер	0,6
<b>9</b>	Еңбек ұжымы, курстастар, сыныптастар	0,4
<b>10</b>	Театрлар, мұражайлар, көрмелер	0,3
<b>11</b>	Кітапханалар, оқу залдары	0,2

Осылайша, жоғарыда ұсынылған деректерге сүйене отырып, жас қазақстандықтар үшін отбасы рухани-адамгершілік тәрбиесінің іргетасы және өзегі болып табылатындығы анықталған.

Әлеуметтену әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі адамның табиғи интеграциясы ғана емес, сонымен бірге заманауи әлемнің жаңа әлеуметтік, экономикалық және технологиялық талаптарына жауап беретін құндылық бағдарлардың үрдісі болуы тиіс.

Бүгінгі таңдағы алғашқы әлеуметтену кезеңінде жас ұрпақтың бойында ұлттық бірегейлікті, бәсекелестікті, прагматизмді сақтауға, білімдер мен сапалы білімді алуға, үнемі дамуға ұмтылуға, сананың ашықтылығына орнатуларды тәрбиелеу өте маңызды.

## Бәсекеге қабілеттілік

Тұтасымен алғанда қоғам секілді, сондай-ақ жекелеп алғанда әрбір қазақстандық үшін сананы жаңғыртудың алғашқы бағыты ретінде бәсекеге қабілеттілік бөліп көрсетілген.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаласында тек өзінің бәсекеге қабілеттілігін дамыту арқылы жеке адам ғана емес, тұтасымен алғанда ұлттың жетістікке қол жеткізуге мүмкіндігі бар екендігі айтылады.



**Сурет 2.** Жастардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін жоғарылатуға қатысты ұсыныстар

▪ Осы бағытқа сәйкес басым міндеттердің бірі экономиканың өсу факторы ретінде адами капиталдың сапасын жақсарту болып табылады. Бұл міндетті іске асыру мақсаттарында біздің жастарда жоғары білімнің интернационализациялау бағдарламаларында және шетелдік жоо-серіктестермен алмасуға қатысудың көп мүмкіндіктерге ие болуы қажет.

▪ Бәсекеге қабілеттілік өңірлік және жаһандық нарықтарда білімді, зияткерлік өнімді, білім беру қызметтерін тиімді ұсыну білігіне бағытталуы тиіс. Бұл үшін университеттердің жанында білім алушы жастар үшін таңдауына қарай компьютерлік сауаттылық, шет тілдері курстарын жүргізу мақсатқа сай болмақ. Мәдениет аралық диалогты қамтамасыз ету мақсаттарында қазақстандық жастар қатарындағы студенттер үшін, Қазақстан

Республикасында білім алатын шетелдік студенттермен бейформальды кездесулерді ұйымдастыру ұсынылады.

- Ауылдық кітапханалардың қабырғаларында коворкинг-орталықтарды құру – бұл бір шатырдың астында әртүрлі жобалармен айналысатын адамдардың бірлестігі. Олар кітапханаларда орналасуы мүмкін, себебі ниет еткен адамдарға ақпараттық, электронды ресурстар және осы мекеме қызметкерлерінің жәрдемі ұсынылатын болады.

- Бәсекеге қабілеттілік адамның тұлғалық қасиеттерінің белгілі бір жинағымен және өзіндік іске асыруға қабілеттілігімен үздіксіз байланысты. Жеке әлеуетті ашуға жәрдем беру, бәсекеге түсе білу, шешендік қабілеттер мен пайымдауды дамытуды сертификатталған семинар-тренингтер іске асыра алады.

- Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі – бұл оның ЖОО даярлығының көрсеткіші, сондықтан әңгімелесулерді жүргізу арқылы жоғары оқу орындары түлектерінің білімдерін тексерудің егжей-тегжей мониторингін жүргізу қажет.


### **Прагматизм**

Мемлекет Басшысымен бөліп көрсетілген, рухани жаңғыртудың келесі бағыты прагматизм болып табылады. Прагматизм –бұл барлығы өмірлік тиімділігімен, нақты пайдалы нәтижелерімен анықталатын көзқарас.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «өкінішке орай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес» деп атап өтеді. Сондықтан, радикализм идеяларының теріс салдарларына назар аудара отырып, Мемлекет басшысы



қазақстандықтарды өз бойларында прагматикалық қасиеттерді дамытумен жұмыс жасауға шақырады.



Сурет 3. Жастар ортасында прагматизмді дамытуға қатысты ұсыныстар

- «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу және «Келешек энергиясы» жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалар Орталығының ашылуы Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыру бойынша халықаралық күш-жігерлерге Қазақстанның қосар қомақты үлесі болып табылады. Қазақстан «Жасыл экономикаға» бағдар алғандығына байланысты адамның қоршаған ортаға теріс ықпал ету және оларды шешуге қатысты іс-шараларды әзірлеу мәселелеріне арналған «Жер бетінде барлығы өзара байланысты» арнайы форумын, сондай-ақ экологтардың, экономисттердің қатысуымен дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру қажет.

- Қазақстан энергияның балама және жаңартылатын көздеріне бағдар алуы тиіс. Елдің азаматтары ресурстарды қолдануға барынша жауапты болуы тиіс, мұны осы бағытта әлеуметтік роликтерді және жарнамаларды тарату арқылы ынталандыруға болады.

- Прагматизм құндылықтарында тәрбиеленген жастар өмірлік мәселелер үшін жеңіл әрі абсолютті шешімдердің болмайтындығын түсінулері тиіс. Мұндай құндылықтарға тәрбиелеу міндеттері Қазақстанның Бірінші ханымы С.А. Назарбаевамен бастамаланған, «Өзін-өзі тану» пәніне артылуы мүмкін.

▪ Ұлттық прагматизмді Қазақстан туралы бейнероликтерді қарау, елдің салттық жерлері бойынша білім алушы жастар үшін экспедицияларға қатысу арқылы, мектептер мен ЖОО қабырғаларында қалыптастыру қажет.

▪ Мемлекет басшысының атап өтуінше, нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалана білу – мінез-құлықтағы прагматизм.

Қазақстандық қоғамды жаңғырту саясатының прагматизмі оны Ұлт көшбасшысының терең пайымдауының нәтижесіне айналды. Еліміз заманауи мемлекеттің негіздерінің құрылуымен байланысты міндеттерді сәтті шеше білді. Алайда, елді бұдан әрі жаңғырту, Президент атап өткендей, халқымыздың салт-дәстүрлерімен бірге заманауи құндылықтарды және олардың өнімдік үйлесімділігін қабылдауына ашықтығы жағдайында ғана мүмкін болмақ. Және мұндай байланыстың нәтижесі, егер қазақстандықтардың, әсіресе жас ұрпақтың санасында ағартылған прагматизм идеялары мен құндылықтар жаңартылған жағдайда мүмкін болады.

### Ұлттық бірегейлікті сақтау

Әлемдік қауымдастықта интеграциялау шарасы бойынша жаһандандырудың ықпалын қазақстандық қоғамның барлық дерлік өмірлік қарекет салалары, оның ішінде халықтың ұлттық бірегейлігі сезінуде.

Бірегейлік ұлттық-тарихи, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени, саяси-мәдени салалардың қиылысуында сәйкес ұлттық парадигмаға базаланады.



YouTube-арна және Веб-қосымшаның көмегімен пайдаланушылар туған тілін үйрене алады



Діндердің негіздерін түсіндіруге бағдарланған мамандандырылған семинарлар мен форумдар



Тарихи реконструкцияларды жүргізу (белгілі бір тарихи дәуірдің материалдық немесе рухани мәдениетін жаңарту)



Қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын білуге тарихи квесттер және ашық викториналарды жүргізу



"Ұлттық костюм күні" флешмобы



**Сурет 4.**Қазақстандық жастардың ұлттық бірегейлігін нығайтуға қатысты ұсыныстар

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев ұлттық сананы ұлттық тіл құратындығын атап өтеді. Кейбір халықтар өз бірегейлігін өзінің туған тілін меңгермегендіктен жоғалтып жатады. Ұлы қазақстандық ақын Мұхтар Шаханов атап өткендей: «Адамды туған елде тәрбиелеу, сылдыр қаққан бұлақтың суына нәрлендіріп, туған тіліндегі «Әлдиге» әлдилеп тәрбиелеу қажет».

Жастардың ұлттық бірегейлігін құру және нығайтудың тиімді механизмдері болуы мүмкін:

- Мемлекеттік тілдегі көптеген фильмдерді көрсету, қазақ тілінің онлайн-сабақтары өтетін YouTube-арнаны құру, пайдаланушылар туған тілін зерттей алатын Веб-қосымшаларды әзірлеу.

- Орыс тілінде көрсетілетін фильмдерді визуалдар тобына жататын жастар үшін қазақша субтитрлермен толықтыруға болады.

- Жастардың ұлттық бірегейлігін құру және сақтау мақсаттарында отбасылық тәрбиенің қазақ ділімен сәйкес келуі тиіс. Балаларды қазақ ақындары мен жазушыларының туындыларына өсіру, қазақстандық отансүйгіштікті құру және нығайту қажет.

- Ұлттық бірегейлі сақтау туралы айтқанда, халықтың руханилығын сақтау қажеттілігі туралы атап өту қажет. Заманауи жастардың мәселелерін талдау оның рухани-адамгершілікті қалыптасуы мен дамуында теріс тенденциялардың белгілі бір санының болуы туралы куәлік етеді, сондықтан жас буынның діни сауаттылығының қалыптасуына айрықша назар аудару қажет. Діни экстремизммен күресудің нақты тәсілі – бұл діни ағарту жұмыстары.

- Діни сауатсыздық мәселелерін алдын-алу мақсаттарында исламның негіздерін түсіндіруге бағытталған, мамандандырылған семинарлар мен форумдарды ұйымдастыру.

- Қызығушылықтарына қарай факультатив немесе үйірме ретінде «Қазақ халқының этнопедагогикасы» пәнін ұсынуға болады, себебі қазақ халқы әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге, жыр және музыкалық шығармашылыққа бай: айтыстар, жыраулар, қара сөздер, бұлар туралы аталмыш саладағы мамандар ғана емес, сонымен бірге елдің барлық білім алушы жастары білуі тиіс.

- Қазақ хандығының қалыптасуының белгілі бір тарихи дәуірінің материалдық немесе рухани мәдениетін жаңғырту үрдісі болып табылатын тарихи қалпына келтіру немесе әдеби туындылардың оқиғаларын сахналау.

- Қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын білуге тарихи квесттерді және ашық викториналарды ұйымдастыру.

- «Ұлттық костюм күні» флешмобын іске асыру. Бұл флешмоб қазақ ұлттық костюмінің барлық сұлулығын, оның дербестігін барлық қырынан көрсетеді. Жастар өз этносының тұрмысына басқа қырынан қарай алады.

Бұдан өзге, қазақ жастары өзге тілдерден алынған сөздердің қоспаларынсыз диалогтарды жүргізуге тырысуы қажет. Көпшілік үшін бұл жеткілікті қиын шара, алайда өзінің сөздік қорын кеңейту үшін қуатты қозғаушы күш. Қарым-қатынас әдебін жаңарту жоспарында үнемі дәстүрлі ережелерді қадағалау қажет, атап айтқанда үлкенге үнемі алғашқы болып сәлем беру, ересектерге жол беру, кішіге ізет көрсету, спортта төзімді болу және т.б.

### Білімге табыну

Білімге табыну мәселесіне зор мән берілген, себебі жаһанданған әлемді дамытудың қазіргі кезеңінде еңбек нарығында бәсекеге түсе алу үшін білімдердің жан-жақты артық қорына ие болу қажет. Бүгінгі таңда білімге табыну – бұл әрбір қазақстандық үшін қажеттілік, ол барлық азаматтар, әсіресе жастар үшін басты міндет болуы тиіс.



**Сурет 5.** Жастардың ортасында білімдер мен білім берудің құндылықтарын жоғарылатуға қатысты ұсыныста

Жастар – адамдардың ең өршіл жастық тобы. Алайда, көбінесе жастар өздерінің жастық қуатын өмірдегі бір сәттік құбылыстарға бағыттап және жұмсап, материалдық құндылықтарға шектен тыс әуестену арқылы нақты өмірлік бағдарларға ие болмайды. Тек ақылының зеректігі, интеллектісінің

жоғары деңгейі және руханилығы жастардың қуатын конструктивті салаға бұруға, өмірдегі дұрыс мақсаттарды анықтау және көздегенге қол жеткізуде жастарға көмек беруге қабілетті.

- Өскелең ұрпақты тәрбиелеу кезінде білімге құмарлық пен қызығушылықты туғызған маңызды. Бұл үшін білімді тарату, ұсынудың форматын қайта қарастыру қажет: сабақтар диспуттар, дебаттық ойындар мен шығармашылық тапсырмаларды қоса алғанда, оқытудың белсенді түрлерінде жүргізілуі тиіс. Мектеп пен университетке жастар құлшына баратын болуы тиіс. Бұл үшін сабақтар тәжірибелік-бағдарлы болуы қажет.

- Ақпарат конспектіге түсірілгенде жақсы меңгеріледі, сондықтан компьютерлік технологиялардың көмегімен рефераттарды, эссе, баяндамаларды басуды жазбаша тапсырмалармен кезектестіру қажет.

- Жастарды білімді алуға ынталандыру қажет. Көпшілік үшін жақсы ынталандыру ұзақ мерзімді келешегі бар міндет болып табылады: егер студент ЖОО үздікке тәмәмдаса, онда ол жоғары еңбекақысы және бұдан әрі лауазымдық жоғарылау мүмкіндігі бар жұмысқа тұра алады.

- Мектептердің түлектерінің кәсіби бағдары жазғы уақыттағы мүмкін тәлімгерлікті және мамандандырылған тренингтерді жүргізу арқылы жоғары сыныптарда (10-11 сыныптарда) оқу кезінде ұйымдастырылуы тиіс.

- Кадрларды даярлау және қайта даярлаудың арнайы курстарын ұйымдастыру кезінде іске асыру мүмкіндігі ұсынылатын, бірнеше аралас салаларда білімді алуға және өмір бойы оқуға жастарды ынталандыру.

- «Зейінділердің тұрақсыздығы» мәселесін жұмыстың жайлы шарттарын жасау, әлеуметтік кепілдіктердің көп санын ұсыну, ғылыми қызметкерлердің еңбекақыларын жоғарылату және белсенді азаматтық позицияны құру арқылы шешуге болады.

- Өте маңызды әлеуметтік институт ретінде отбасы бала тұлғасының қалыптасуына, оның ішінде оның біліміне зор ықпал ете алады. Ата-аналар мектептегі оқу кезінде бұдан әрі тереңдей беретін, базалық білімдерді балаға беруі тиіс. Отбасы баланың тұлғасына, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтарына аса назар аударуы тиіс.

- Баланың зияткерлік қабілеттері оның мектептегі жетістіктеріне ықпал етеді, ал вербальды пайымдау туа біткен факторлармен және отбасылық ортада айқындалады. Баланың отбасыда алған «мәдени капиталы» ақпаратты логикалық тұрғыдан және сауатты мазмұндау білігіне ықпал етеді, сондықтан отбасы ерте жастан бастап өз ойын дұрыс жеткізе білу қабілетін сіңіру қажет.

- Медиа-білім – қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық, коммуникативтік және зияткерлік қабілеттерді, сындарлы пайымдауды қалыптастыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының

көмегімен тұлғаны дамыту үрдісі. Интернетті қоса алғанда, баспасөз, кинематограф, радио және телевидение, видео және компьютерлік коммуникациялардың материалдарының негізінде даярлықтың барлық бағыттары үшін «Медиапедагогика» элективті курсы ЖОО білім беру жүйесіне қосу арқылы іске асырылуы мүмкін. Курстың негізгі мақсаты медиасауыттылық саласында құзыреттіліктің деңгейін жоғарылату, медиа-білім қызметінің әдістері мен түрлерін игеру қызметі болуы мүмкін.

- Адамның білімі зияткерлік көрсекызарлық сипатқа ие болмауы тиіс, сондықтан адам ішкі күштері туралы ойлап қана қоймай, оларды ішкі игілігіне айналдыруы тиіс. Білімдер – бұл пайдалануға болатын капитал.

### Революциялық емес, эволюциялық даму

Рухани жаңғырудың өзге маңызды бағыты революциялыққа қарама-қайшы, эволюциялық даму болып табылады.

Революциялық оқиғалар әртүрлі себептерге байланысты күшіне енуі мүмкін, мысалы, қос үкіметтің құрылуына алып келген Украинадағы оқиғалар, Қырғызстандағы таяу арада орын алған билікті басып алуға жасалынған оппозицияның әрекеті – ойластырылмаған конституциялық реформаның қайғылы салдарлары болып табылады. Саяси революциялардың теріс салдарлары мен олардың нәтижелерінің күмәндігі айқын, дәл осы себепті мемлекет эволюциялық даму жолына бағдар алған.



Сурет 6. Эволюциялық дамуға орнатуларды нығайтуға қатысты ұсыныстар

- Біздің еліміздің әлемдік нарықта нығаюына көмектесетін, озық инфрақұрылымдық жобаларды инвестициялау.

- Қоғамдық-саяси өмірдің мәнмәтінінде «эволюция» мемлекеттік құрылымдармен енгізілетін ережелермен халықтың келісімін білдіреді. «Белсенді азамат» арнайы кампаниясын құру қажет, оның аясында

бастамашыл жастар қазақстандық қоғамның құрылуына белсенді қатыса алады.

- Жастар өз мәселелерін шешуге мүдделі және жеке өмірі үшін жауапкершілікті ата-аналарға, мемлекетке артудан арылуы тиіс. Жастар ортасындағы патернализм оның дамуын тежейді, толық іске асырылуға кедергі келтіреді.

- Адами капиталдың өсуі мен қолдау көрсетуіне негіз болып табылатын білім мен денсаулық сақтау салаларына инвестицияларды тарту қажет.

- Түбегейлі шаралардың қатарына сыбайлас жемқорлық қызмет үшін жазаларды қатаңдатуды жатқызуға болады, себебі бұл елдің қарапайым азаматтарының билікке сенім деңгейін жоғарылатуға ықпал етеді.

- Балалар үйлерінде болу уақыты аяқталған соң жетім балалар және қиын жағдайға тап болған адамдар тұрақтай алатын, жатақханалар (дағдарыс орталықтары) форматында арнайы «Жастар үйлерін» ашу. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан ЖОО бітірушілерге қолдау көрсетуді қомақты аргумент көшерпұлдарды және әлеуметтік қолдау көрсетудің өзге шараларын енгізу болуы мүмкін.

- Ауылшаруашылық және қызмет көрсетуші қызмет кәсіптерінің беделділік деңгейін жоғарылату және еңбек қызметін насихаттау мақсатында жастардың санасына ықпалы. Бұл ойды іске асыру БАҚ және телевидениенің көмегімен мүмкін болмақ.

Эволюциялық даму жолында бастысы – бұл кез-келген мақсаттар уақыт өте іске асырылатындығын ұғыну.

Өткеннің тарихи тәжірибесі көрсеткендей, ең игілікті мақсаттарға қол жеткізуге бағдарланған кез-келген революция адами зардаптар мен экономикалық құлдыраудан басқа ешқандай өзгеріс әкелмейді, Және, керісінше, өсудің барлық қиындықтарын басынан төзімді өткерген халқы бар елдер тұрақты және гүлденуші елдер қатарына қосылған. Бұл Мемлекет басшысымен құрылған «Эволюция дегеніміз, революция емес» қағидасын білдіреді, бұл – Қазақстанның сәтті дамуы үшін негізін қалаушы болып табылады.

### **Сананың ашықтылығы**

Сананың ашықтылығы – бұл жаңа технологиялық құрылымға ие өзгерістерге даярлық. Жаһандық әлем өзгереді, алайда руханилық жиі жағдайда кей шектеулермен шектеледі. Осыған қоса, атап айтқанда сананың ашықтығы барлық жаһандық әлемді біріктіруге қабілетті: біз жаңа дүниеге

қаншалықты ашық болсақ - соншалықты өз санамыздың өзгеруіне даяр боламыз. Жаһандық шарттарында сананың маңызды ашықтығы жас буынның рухани-адамгершілік тәрбиесінде маңызды элементке айналады. Қазақстандықтарға тұтасымен алғанда тұлға мен мемлекеттің дамуын кідіртетін құбылыстардан бас тарту, әлемнің әртүрлі мәдениетін, адамдардың әртүрлі топтарын қабылдауды үйрену маңызды. Сананың ашықтығы – бұл Қазақстанның әрбір азаматының тән сипаты болуы тиіс, уақытпен қатар жүруге даярлық.



**Сурет 7.** Сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуде ашықтыққа жастарды ынталандыруға қатысты ұсыныстар

▪ Жаһандық әлемде жұмыс жасау шарттардың бірі ағылшын тілін білу болып табылады. Сондықтан үш тілділік бағдарламасы өте өзекті және негізделген болып табылады. Аталмыш бастаманы іске асыруда орын алар мүмкін кедергілердің қатарына ағылшын тілінде оқыту кезінде жаратылыстану циклі пәндері мұғалімі қақтығысатын психологиялық барьерді жатқызуға болады. Осыған байланысты оқытушылармен тұлғалық әлеуетті ашуға және психологиялық кернеуді ашуға бағдарланған, мамандандырылған тренингтерді жүргізу маңызды.

▪ Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев ел халқына жасаған жолдауында үш тілдік білім беруге кезеңдеп өту қажеттілігі туралы айтып өтті, сондықтан физика, химия, биология және информатика пәндерінің болашақ мұғалімдерін ЖОО білім беру аясында ағылшын тілінде оқыту қажет.



- Елдің жұмыс істейтін жастарының арасында КазТестті дәріптеу.
- Азаматтық-құқықтық мәдениетті дамыту бойынша тәрбие жұмыстарын жүргізу. Тәрбиелік жұмыстың тақырыбы елдің ішіндегі мәселелемен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге жаһандық аспектілерді қамтуы тиіс. Бұл сындарлы пайымдауды тәрбиелеуге мүмкіндік береді және «ашық сананың» дамуына ықпал ететін болады.
  - Халықаралық тағылымдамалар, оқыту және халықаралық волонтерлік жүйесін дамыту.
  - Оқу орындарында буллингпен күресі – өзге қатысушылардың тарапынан кемсітушілік пен қудалаудың әртүрлі түрлері.
  - «Жанды кітапханаларды» ұйымдастыру – «кітаптардың» орнына қатынасында қоғамда стереотиптер (мигранттар, үйсіздер, шетелдіктер, мүгедек адамдар, әртүрлі этникалық, діни және өзге топтардың өкілдері) бар адамдар болып табылатын кітапханалар.
  - Мектептер деңгейінде секілді, ТжКБ және ЖОО деңгейінде инклюзивті білім беру орындары санын ұлғайту. Айрықша қажеттіліктері (денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі, мүгедектігі бар) жастар үшін сапалы білімді алу мүмкіндігін ұсыну қажет.
  - Білім беру үрдісінің тәрбие құрамдауышын дамыту. Әрбір оқушыда тұлғалық көшбасшылық сапаларды дамыту маңызды. Бұл өскелең ұрпаққа табиғаттан тек оған тән айрықшалықтар мен таланттарға ие бірегей жеке тұлғалар ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Жастарда кемелділік сезімі сананың ашылуына – өзін қоршаған адамдарды өздеріне тән қасиеттермен қабылдау, жаңа әрі үдемелі дүниелердің барлық қабылдауға даярлыққа ықпал етеді.

## **1.2 Жастарды патриоттық тәрбиелеу ерекшеліктері және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері**

Заманауи жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мемлекеттік жастар саясатының стратегиялық маңызды бағыттарының бірі болып табылады.


Қазақстандық қоғам үшін жас буынды отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзектілігін неде? Тарихи даму көзқарас тұрғысынан, жаһанданулық үрдістер ел жастарының құнды бағдарларын құруға маңызды ықпал етеді.

Қазақстан жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелерін зерттеу өзектілігі, атап айтқанда ұлттық кодты сақтауға аса назар аудара отырып, әртүрлі этномәдениеттердің өкілдері арасында толеранттық қатынасты құру маңыздылығын жоғарылатуға негізделген.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу, жалпы адами құндылықтарды қалыптастыру, патриоттық сананы дамыту біздің халқымыздың сенімді

болашағы үшін қажеттінің барлығын қамтамасыз етеді. Отансүйгіштік туралы сұрақ Президенттің халыққа жасаған әрбір жолдауында көтеріледі, отансүйгіштік барлық маңызды саяси құжаттарда белгіленген және қоғамның маңызды мәселелерін шешуге бағытталған.

Патриотизмді тәрбиелеу және жас қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігін сақтау кешенді сипатқа ие, себебі мемлекеттік идея аясында отансүйгіштік, елдің ұлттық бірізділігі мен саяси, экономикалық және әлеуметтік модернизациясы арасында тікелей өзара байланыс бар (сур.8).



**Сурет 8.** Патриотизм және ұлттық бірегейлікті сақтау

«Рухани жаңғыру» –«Туған жер» шағын бағдарламасының аясында отансүйгіштікке тәрбиелеу «ұлттық және мәдени кодты сақтау» негізіне алынған. «Туған жер» шағын бағдарламасының мәнмәтінінде отансүйгіштік өз ауылы, қаласына, өлкесіне, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне, тұрғымысына сүйіспеншілікте, Отан алдындағы адамгершілік парызында көрініс табады (сур.9).



**Сурет 9.** Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" Бағдарламалық мақаласының 6 бағыты бойынша патриоттық сезімдерді нығайту

9-суреттен көріп отырғанымызда, патриоттық сезімдерді тәрбиелеу «Рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаланың барлық бағыттары бойынша іске асырылуы мүмкін, атап айтқанда:

- Бәсекеге қабілеттілік бойынша:
  - Үш тілділік бағдарламасы - ХХІ ғасырдағы өмірге ұлтты даярлау бөлімі.

– Елдің азаматтары Қазақстанда өндірілген тауарларды сатып алуға және қазақстандық өндірісті қолдауға ұмтылуы тиіс.

– Мәдени және конфессионалдық келісім – бұл мемлекеттің сәтті дамуы мен қызмет етуінің кепілі.

▪ Прагматизм бойынша:

– Қоршаған ортаның экологиялық тұрақсыздығын алдын-алу мақсаттарында Қазақстанның табиғи ресурстарын үнемді шығындау қажет.

– білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, әр нәрсені ұтымды пайдалана білу.

– Ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында экологиялық мәдениет пен пайымдауды дамыту.

▪ Ұлттық бірегейлік бойынша:

– Қазақстанда тұратын барлық адамдар біздің еліміздің өткенін құрметтеуге: республикамыздың тәуелсіздігіне қол жеткізген қаһармандарды құрметтеуге, мемлекеттік нышандарды дәріптеуге, ата-бабаларымыздың мәдени мұрасына мұқият қатынас жасауға міндетті.

– Ұлттық тиістілік туған мәдениетті, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды және тілді білуімен негізделеді, сондықтан осы этникалық бірлікті сақтау мақсаттарында ата-бабаларымыздың тәжірибелік және қоғамдық қызметі дағдыларын, кәде-жораларын, әдеттерін қадағалау қажет.

– Патриотизм адамның Отан игілігі үшін қызмет етуге ұмтылуымен тікелей байланысты, және сөздермен ғана емес, келесідегідей белсенді әрекеттермен үйлесуі тиіс: мемлекетте жұмыс істеу, әскерде қызмет ету; тұтасымен алғанда мемлекеттік мүдделері тұлғаның мүдделерінен жоғары болуы тиіс.

▪ Білімге табыну бойынша:

– Оқушылар мен студенттердің арасында білім және еңбек құндылығын дәріптеу.

– Өз кезегінде таяу арада білім беру жүйесінде келесідегідей «болашақтың кәсіптерін» енгізу бойынша өзгерістер орын алуы тиіс: биоинженер, жаңартылатын қуат инженері, «жетік» ортаның жобалаушысы, робототехника маманы, киберқауіпсіздікке қатысты маман, балама энергетика маманы, нейропсихолог, биоинформатик, 3D-баспа инженері, гендік инженерия маманы, виртуалдық шынайылық дизайнері, виртуалды шынайылық сәулетшісі және биофармакологы.

– Еңбекақыларды жоғарылату және еңбек шарттарын жақсарту арқылы елдің зияткерлік әлеуетінің жылыстауымен күрес жүргізілуі тиіс.

▪ Эволюциялық даму бойынша:

– Қазақстандықтар жылдам жетістікке ұмтылудан бас тарту бағдарын алуы және тоқтаусыз (тұрақты) – бұл ықтиятты жұмыстың нәтижесі болғандықтан, алдыңғының уақытша екендігін түсіну қажет.

– Әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымды дамыту қоғамдық өндірісте адамның тиімді қызмет етуі үшін қажетті шарттарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

– Патриотизмнің құрамдауышы ретінде белсенді азаматтық позиция қоғамның өміріне адамның саналы қатысуында және қоршаған ортаға қатынасы бойынша оның нақты әрекеттерін көрсетеді.

▪ Сананың ашықтылығы бойынша:

– «Мен – қазақстандықпын!» бірыңғай тұжырымдаманы құру олардың ұлттық тиістілігіне қарамастан елдің барлық азаматтарын біріктіруге мүмкіндік береді, бұл этноцентризмі және национализм идеяларының алдын-алу және мәдени аралық диалогқа ықпал етеді.

– Қазақстандықтармен шетелдік тәжірибені біріктіру біздің мемлекетке әлемнің 30 бәсекеге қабілетті елдеріне ену идеясын өмірде іске асыруға мүмкіндік береді.

– Мемлекетіміздің шын патриоттары дәстүрліні құрметтеп қана қоймай, сонымен бірге инновациялықтарға ашық болуы тиіс.

2017 жылы «Жастар» Ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген, «Жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу саласында қазақстандық құндылықтарды зерделеу» әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелері бойынша жас қазақстандықтардың сайлауларға қатысуының даярлық деңгейі анықталған. «Сіз сайлауларға қатысасыз ба немесе қатыстыңыз ба?» сұрағына сауалнамаға қатысушылардың 30,20%-ы «егер уақыт мүмкіндігі болса, қатысуға тырысамын», 21,9%-ы «үнемі, олардың бірде-біреуін жіберген емеспін», 16,6%-ы «ешқашан, мен кәмелеттік жасқа жеткен жоқпын», 15,4% «сирек, кейде ғана», 7,0%-ы «жоқ, бұл жағдай маған қызық емес», 6,9%-ы «жоқ, бұдан менің өміріме оң өзгеріс енеді деп ойламаймын» деген жауаптарды беріп, 1,6%-ы өз таңдауын «жауап беруге қиналамын» жауабына тоқтатты (сур.10) [14, Б. 127].




**Сурет 10.** «Сіз сайлауларға қатысасыз ба немесе қатыстыңыз ба?» сұрағына жауаптарды бөлу (%-да)

Егер егер уақыт мүмкіндігі болса сайлауларға қатысуға (өз сөздерінше) тырысатындарды (30,2%) және оны ешқашан босатпайтындардың санын (21,9%) сомаласа, онда жастардың 52,1%-ы сайлауға қатысқан болып шығады. Сәйкесінше, 47,9%-ы сайлауларға сирек қатысады немесе мүлдем қатыспайды. Осылайша, қазақстандық қоғамның жас мүшелерінің патриоттық тәрбиесінің басты мәселелерінің бірі азаматтық белсенділік болып табылады.

Жас буынның патриоттық сезімдерінің өзге индикаторы – бұл көші-қоң көңіл –күйлері. Бүкіл әлем бойынша кедергісіз көшу дәуірінде, жаһандық әлеуметтік-экономикалық шарттарда жас азаматтардың көші-қоң тақырыбы Қазақстан үшін өзекті болып табылады. 2017 жылы «Жастар» Ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген, «Жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу саласында қазақстандық құндылықтарды зерделеу» әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелері бойынша сауалнаманың «Сіз қайда тұруды қалайсыз?» сұрағына сауалнамаға қатысушылардың 68,7%-ы Қазақстан Республикасында, қалған 31,3%-ы мүмкіндігі болса шетелге көшіп кетер екендігін атап айтты. Олардың ішінде 10,2%-ы Еуропаға, 7,6%-ы Америкаға, 7,3%-ы Ресейге, 1,9%-ы Қытайға, 0,3%-ы Оңтүстік Кореяға, 0,5%-ы Түркияға, 0,2%-ы Канадаға, 0,2%-ы Жапонияға, 0,1%-ы Францияға деп жауап беріп, 2,7%-ы жауап беруге қиналды. Тұтасымен алғанда сауалнамаға қатысушылардың 31,3%-ы көші-қоңды оң құбылыс ретінде қарастырады (сур. 11). Бұл жастардың арасында көші-қоң көңіл-күйлерінің өсу мүмкіндігі туралы айтады.





Сурет 11. «Сіз қайда тұруды қалайсыз?» сұрағына берілген жауаптарды бөлу (%-да)

Отансүйгіштікке тәрбиелеу және ұлттық бірегейлікті сақтау – бұл «Рухани жаңғыру» Бағдарламасының ажырамас бөлігі. Мемлекет Басшысының айтуларына сәйкес Төртінші өнеркәсіптік революцияның барысында іске асырылатын түбегейлі өзгерістер елдің саяси және экономикалық жаңғыруына ықпал етіп қана қоймай, сонымен бірге заманауи жастардың құндылық бағдарына түрткі болады. Сондықтан патриоттық сезімдерді тәрбиелеу жас буынның сау дүниетанымын құруда маңызды рөлге ие.

### 1.3 Жас қазақстандықтар санасындағы еңбек құндылығы

Еңбек тұлғаның кәсіби әлеуметтену үрдісінде маңызды рөлге ие, еңбек – бұл жастарды оның болашағына апарар «жолы». Мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі Қазақстанның жас азаматтарының орта және жоғары білімге қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады [16].

Жас ұрпақтың заманауи рухани-адамгерлікті тәрбиелеу мәнмәтінінде «еңбек» және «білім» ұғымдарын бір-бірінен ажыратпастан қарастыру қажет. Білімді игеру және оны өмірде бірізді қолдана білу жастарға қоғамдағы белгілі бір позицияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2017 жылдың 31 қаңтарындағы өз Жолдауында мемлекет Басшысы жаңа тарихи шарттардағы білім беруді көшіру маңыздылығы туралы атап өтті: «Төртінші басымдылық – адами капитал сапасын жақсарту. Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» [17].

«Рухани жаңғыру» Бағдарламасы аясында «еңбек» ұғымының тұжырымдамалық негізі көп жоспарлы сипатқа ие және өзінің төрт бағыттарымен байланысты, олар: «бәсекеге қабілеттілік», «прагматизм», «білімге табыну» және «сананың ашықтылығы» [6].

Сананың деректері өзара байланысты және бір-бірінен жеке қарастырыла алмайды, себебі тұжырымдамалық бірізділігін жоғалтады (сур.12).



Сурет 12. «Рухани жаңғыру» Бағдарламасы аясындағы «еңбек» тұжырымдамасы

Тұлғалық деңгейде еңбекке деген қатынас адамның рухани дамуымен, оның санасымен, өз ісіне жауапкершілік және берілгендік сезімімен анықталады. Қоғамдық деңгейде социумның экономика мен өндіріс салаларындағы жаңа әрекеттерге: цифровизация, технологизация, жаһандану бейімделу қабілеті ретінде анықталады [18].

Бүгінгі таңда еңбек жас қазақстандықтардың құндылық иерархиясында орталық күйге ие. Ол өмірлік жетістіктің маңызды факторы болып табылады, және рухани жаңғырудың барлық бағыттары бойынша іске асырылуы мүмкін (сур.13).



**Сурет 13.** "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" Бағдарламалық мақаласын еңбек және кәсіби қызметте 6 бағыттарын іске асыру

13-суретте көрсетілгендей еңбек пен кәсіби қызметтің құндылықтарын нығайту «Рухани жаңғырудың» Бағдарламалық мақаласының барлық бағыттары бойынша іске асырылуы мүмкін, атап айтқанда:

- Бәсекеге қабілеттілік бойынша:
  - Президентіміздің болжамына сәйкес тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі шет тілдерді білуімен, мәдени ашықтылығымен негізделеді.

- Кадрлардың біліктілігін жоғарылату ғылыми-техникалық үдерістің талаптарымен байланысты бұрын меңгерген білімдер мен біліктерді тереңдету немесе жаңа дағдыларды игеру үшін іске асырылады.
- Кез-келген қызметкер тұрақты кәсіби өсуге, өзінің мансабын ұзақ мерзімді келешекке жоспарлауға ұмтылуы тиіс.
  - Прагматизм бойынша:
    - Кәсіби қызметті іске асыру барысында маман өз назарын тәжірибеге аудару қажет.
- Қызметкер өзінің еңбек заңнамасын: өз құқықтары мен лауазымдық міндеттерін білуі тиіс.
- Тайм-менеджмент қағидаларын қадағалау – бұл жұмыс уақытын қолдану табыстылығының кепілі.
  - Ұлттық бірізділік бойынша:
    - Қазақстандықтар шынайы отансүйгіштік сезімін көрсете отырып, «бизнеске» кетпестен, мемлекетке жұмыс жасау тенденциясына ие болуы тиіс.
    - Қазақстан «еңбек нарығының тиімділігі» факторы бойынша отыз көшбасшы елдердің құрамына кіреді және бұл деңгей үнемі қолдауға ие болуы тиіс.
- Әрбір қызметкер өзінің азаматтық парызы мен конституциялық міндеттерді орындауға міндетті.
  - Білімге табыну бойынша:
    - Мектептердің, әсіресе ауылдық мектептердің барлық түлектері жоғары немесе орта арнайы білімді алуға бағдарлануы тиіс, себебі білім – бұл болашаққа апарар жол.
    - Оқу орындарында студенттер өз білімдерін тәжірибеде қолдануға оқытылуы тиіс, және бұдан өзге, өндірістік тәжірибенің үрдісіне негізгі назарды аудару тиіс.
- Еңбек қызметінің барлық шектеусіз субъектілері өмір бойы білім алуға ұмтылуы тиіс.
  - Эволюциялық даму бойынша:
    - Мемлекеттің басшысы цифрлық индустрияны дамыту барлық өзге салаларға қарқынды қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтеді. Сондықтан IT-технологияларды дамыту сұрағы еліміз үшін өте өзекті болып табылады.
    - Бүгінгі таңда Қазақстанда өндіру және өңдеу өнеркәсібін араластыру үрдісі орын алып жатыр, сондықтан жоғары қосымша құны бар өндірісті дамыту қоғамымыздың үдемелі дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылады.

– Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдендірілуін күшейту – бұл Қазақстан секілді демократиялық құқықтық мемлекетті құрудың қажетті шарты.

▪ Сананың ашықтылығы бойынша:

– Ашықтық пен даярлық өзінің кәсіби тәжірибесі және білімдерімен бөліседі – бұлар кез-келген кәсіпорынның сәтті қызмет етуінің кепілі.

– Еліміздің Конституциясына сәйкес Қазақстанның әрбір азаматы еңбек ету құқығына ие. Оның ішінде денсаулығының шектеулі мүмкіндігі бар адамдар секілді азаматтар қатарының өкілдері жұмысқа орналасу кезінде сау адамдармен қатары тең құқықтарға ие.

– Қазақстан, дамушы ел ретінде, дамыған елдердің озық тәжірибесімен қарулануы және оны өз ақиқаттарында іске асыруы тиіс.

2017 жылы «Жастар» Ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген, «Жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу саласында қазақстандық құндылықтарды зерделеу» зерттеуіне сәйкес сауалнаманың «Сіздің ойыңызша, адамның өмірінде еңбек қандай орынға ие?» делінген сұраққа сауалнамаға қатысқан жастардың басым бөлігі «Еңбек адамның тұлғалық дамуына ықпал ететін, өмірлік қажеттілік болып табылады» нұсқасын таңдаған (54,4%). Екінші орында: «Еңбек материалдық қамсыздандыру құралы ретінде қажет» (28,5%), осыдан кейін «Еңбек жетістікке үнемі ықпал ете бермейді, өмірде бастысы сәттілік, жақсы туысқандар және достық байланыстар» деген жауапты берген (15,8%) (сур.14) [14, Б. 144].



**Сурет 14.** «Сіздің ойыңызша, адамның өмірінде еңбек қандай орынға ие?» сұрағына берілген жауаптарды бөлу (%-да)

Жоғарыда ұсынылған деректерге қарай, қазақстандық жастар еңбекке тұлғаны дамытуға ықпал ететін қызмет ретінде оң қатынасты сақтайтындығы туралы қорытынды шығаруға болады. Алайда, адамның бойындағы тұлғалық сапаларды қалыптастыруда еңбек рөлінің сұрақтарына қатысты жас қазақстандықтармен тәрбие жұмысын жақсарту қажеттілігі туралы айтатын теріс тенденциялар да байқалады.

Осылайша, қазақстандық жастардың алдында маңызды стратегиялық міндет тұр: еңбек пен білімді кәәсіби және әлеуметтік құрал түрінде ғана емес, сонымен бірге рухани-адамгершілікті тәрбиелеу әдісі ретінде қолдану. Бұл міндетті шешу мақсаттарында Қазақстан Республикасының Президент Н.Ә. Назарбаевпен бастамаланған «Рухани жаңғыру» Бағдарламасы қолданылуы мүмкін. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаласындағы Мемлекет Басшысының идеяларының өзектілігі мақаланың бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білімге табыну секілді бағдарламалық тармақтары жаңа технологиялық шарттарда еңбектің көшірілуінің заманауи талаптарына жауап береді және қазақстандық жастардың әлеуметтік-мәдени бағдарына сәйкесінше ықпал етеді.

#### **1.4 Қазақстандық жастардың отбасылық құндылықтарының заманауи күйі**

Отбасы жастардың әлеуметтену үрдісінде маңызды рөлді ойнайтын, базалық әлеуметтік институт болып табылады. Құндылық бағдарлар (заманауи моралдық-адамгершілік нормаларының күйі) отбасының қалыптасуы мен дамуына қаржылық-экономикалық фактордан кем ықпал етпейді. Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» аясында жастардың арасында отбасылық құндылықтарды тәрбиелеуге қатысты өзекті мәселе тұр. Заманауи үдемелі қоғамда отбасы негізгі әлеуметтік институттардың бірі ретінде қоғам үшін бірегей емес салдарларды туғызуы мүмкін, өзгеру үрдісіне ұшырайды. Сондықтан жастардың бойына отбасылық құндылықтарды сіңіру рухани-адамгершілікке тәрбиелеу үрдісінде және «Рухани жаңғыру» идеяларын іске асыруда маңызды рөлге ие. Осылайша, «ұлттық бірегейлікті сақтау» отбасының орнына маңызды рөл берілетін, дәстүрлі әлеуметтік институттарды сақтау ретінде білдіріледі. Берік отбасылық қатынастарды құра отырып, қазақстандық қоғам үлкен деңгейде белгілі бір әлеуметтік-мәдени факторлардың теріс ықпалынан сақтандырылатын болады.

2017 жылы «Жастар» Ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген, «Жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу саласында қазақстандық құндылықтарды зерделеу» зерттеу деректері бойынша «Сіз үшін өміріңіздегі ең маңызды құндылық не?» деген сұраққа жауап бергенде, сауалнамаға



қатысушылардың 82,4%-ы «Отбасы» нұсқасын таңдап, ал «Сіз өміріңізде кім болғыңыз келеді?» деген сұраққа қатысушылардың 43,9%-ы «үлгілі отбасы иесі» деп жауап берген [14, Б. 142]. Осылайша, біз жастардың басым бөлігі құндылық иерархиясының шыңында отбасы орналасқан, дәстүрлі көзқарастарды ұстанатындықтарын көріп отырмыз (сур. 15).



**Сурет 15.** «Сіз үшін өміріңіздегі ең маңызды құндылық не?» сұрағына берілген жауаптарды бөлу (%-ы)

Отбасы институтының маңыздылығына қарамастан отбасылық құндылықтар саласында бірқатар теріс тенденциялар байқалуда: ажырасулардың қомақты саны, некелердің санының азаюы, түсіктер (оның ішінде кәмелеттік жасқа жетпегендер арасында), үй қорлығы, әлеуметтік жетімсіреу (туған ата-анасы бола тұра, баланың жетім қалатындығын көрсететін әлеуметтік құбылыс).

Қазақстан Республикасының ұлттық экономика Министрлігінің статистика Комитетінің деректері бойынша 2017 жылы 14-28 жастағы жастардың арасындағы ажырасулардың саны әйелдің жасы бойынша 17 716, ерлердің жасы бойынша 11 203 жасты құраған.

Қазақстан әлем бойынша ажырасулар деңгейлерінің жоғары көрсеткіші бар елдердің ондығына кіреді. Яғни, 2017 жылдың алғашқы жарты жылдығында 14-28 жастағы 59 007 жұп үйленіп, олардың 729 жұбы ажырасқан [19].

Ресми статистика деректеріне сәйкес, 2017 жылы күйеуінің жасы бойынша бекітілген, 14-28 жастағы жас қазақстандықтардың арасындағы 46 420 некеге 1920 ажырасу сәйкес келген. Осындай кезең үшін әйелдің жасы бойынша бекітілген некелердің арасында ажырасулардың саны 4929 санын құраған [20].

Күйеуінің жасы бойынша 2016 жылы 14-28 жастағы жастар арасындағы некелер саны 91 298, ал 2017 жылы – 88 180, 2016 жылы қалыңдықтың жасы бойынша 108 904, 2017 жылы – 105 974. Осылайша, жастардың арасында тіркелген некелер санының азайтылуы байқалады (рис. 16).



Сурет 16. ҚР ҰЭМ статистика Комитетінің деректері бойынша некелердің саны



Арасында кәмелеттік жасқа толмағандардың басым саны бар, жас қыздармен іске асырылатын түсіктердің саны да жеткілікті жоғары болып табылады.

Осылайша, ҚР ҰЭМ статистика Комитетінің деректері бойынша 15-29 жастағы қыздардың арасындағы түсіктердің саны 40 254 құрап, олардың ішінде 1286 жағдай 15-18 жас аралығында орын алған (сур. 17).



Сурет 17. ҚР ҰЭМ статистика Комитетінің деректері бойынша 2017 жыл үшін жас қыздар арасындағы түсіктердің саны

Отбасы – «Рухани жаңғыру» Бағдарламасын іске асырудың маңызды институты болып табылады, себебі өскелең ұрпақта рухани құндылықтарды, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық бірегейліктің сақталынуы, білімге табыну оған тиісті (сур. 18).



**Сурет 18.** "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" Бағдарламалық мақаласының 6 бағыттарын іске асыруға отбасының қатысуы

18-сурет «Рухани жаңғыру» Бағдарламалық мақаласының барлық бағыттарын іске асыруға отбасының қатысу үрдісін көрсетеді, атап айтқанда:

- Бәсекеге қабілеттілік бойынша:
  - Жалға берілетін баспана нысандарының басым санын пайдалануға беру арқылы ел азаматтарының тұрғын-үй жағдайларын жақсарту қажет.
  - Отбасы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жайлы ортаны құруға бағдарлануы маңызды.

– Отбасы, әлеуметтенудің алғашқы институты ретінде, баланың бойынша заманауи социумда қалыпты қызмет етуі үшін қажетті, рухани және дене қасиеттерін дамытуы тиіс.

▪ Прагматизм бойынша:

– Отбасы баланың бойына табиғи ресурстарға ыждаһатты қатынасты сіңіруі және экологиялық мәдениетті қалыптастыруы тиіс.

– Отбасыда бала тұрмысты тиімді жүргізуге және бюджетті жоспарлауға үйренуі тиіс.

– Ата-аналар өз балаларын салауатты өмір салтына және білім алу қажеттілігіне бағдарлай білуі тиіс.

▪ Ұлттық бірегейлік бойынша:

– Туған тіл арқылы тұлғаның негізі қаланады, сондықтан туған тілде тәрбие беру басымдылығы айқын.

– Отбасылық тәрбиеде алғашқы жоспарға өз әдет-ғұрыптарын және дәстүрлерін қадағалау және өз мәдениетін құрметтеуі шығуы тиіс.

– Өзіндік анықталу мен өзіндік сәйкестендірілу ата-аналардың ықпалымен құрылады, сондықтан ата-аналар баланың бойынша қазақ халқына тиістілік сезімін тәрбиелеуі тиіс.

▪ Білімге табыну бойынша:

– Отбасыдағы зияткерлік ортаны құру баланың ақыл-ой қабілеттері деңгейін негіздейді.

– Баланың бос уақыты дамуға бағытталған, пайдалы қызметке бағдар алуы тиіс. Бос уақыт кезінде бала салауатты өмір салтына, спортпен айналысуға, эстетикалық сезімдер мен шығармашылыққа өз қажеттіліктерін іске асыруы тиіс.

– Ата-аналардың мақсаты балаларды өзін-өзі іздеуге және кәсіби бағдарға бағыттау болып табылады, отбасының баланы өз әлеуетін ашуға және оны дамытуға көмектесуі маңызды.

▪ Эволюциялық даму бойынша:

– Қазақстан өмір сапасына назар аудара отырып, демографиялық жағдайды жақсартуға бағдар алуы тиіс.

– Отбасыда кез-келген мақсаттар уақыт өте орындалуына саналық сезімін сіңіру, ұзақ мерзімді келешекке назар аудару қажет.

– Отбасы адами капиталды қалыптастырудың іргетасы болып табылады. Бұдан өзге, ата-аналардың, әсіресе анасының білім деңгейі, олардың өмірге қосар үлесі балалардың бұдан әрі табыстылығына, денсаулығына ықпал етеді.

▪ Сананың ашықтылығы бойынша:

– Толық емес отбасыларға, жетім балаларға, жайсыз және аз қамтылған отбасылардың балаларына қатынасы бойынша стигматизацияны еңсеру – осы санатқа жататын балалардың тағдырын айқындайтын, сенімдер мен теріс стереотиптерді еңсеруге бағытталған, социумның өмірлік қарекетінің маңызды элементі болып табылады.

– Отбасыны жоспарлау және оның құрылуына жауапты қарау – демографиялық мәселелерді шешуге және өз балаларының болашағы туралы ойлануға ұмтылатын, заманауи қоғамның белгілері.

– Қоғамның базалық ұяшығы ретінде отбасы баланың денсаулық мүмкіндіктеріне қарамастан өзін қабылдауда балаға жәрдем етуге міндетті.

Отбасылық құндылықтар саласындағы негізгі мәселелердің бірі жастардың қысқа мерзімді қатынастарды қалау, толыққанды жауапкершілікті өзіне алуға даярсыздық немесе ниеттің болмау факті болып табылады. Сәйкесінше, өзінің моралдық құқықтары мен міндеттеріне барынша шынайы қатынасты және әлеуметтік жауапкершілік сезімін сіңіру қажеттілігі туындайды.

Өзінің рухани-адамгершілік субстанциясында шығыс қоғамы ретінде қазақстандық социум көп жағдайда отбасының дәстүрлі үлгілерін ұстанады. Жастардың әлеуметтік-мәдени бағдарындағы өзгерістер барысында отбасы құрылымын түсіну өзгерді: отбасы мен репродуктивтілік бір-біріне ұқсас емес. Осыған байланысты, рухани-адамгершілік тәрбиесінің дәстүрлі үлгісінде құндылық негіздерін қалыптастыру қазақстандық қоғамның жас мүшелерінің отбасылық-құндылық бағдарларының қалыптасуында маңызды рөлді ойнайды.

Заманауи жастардың, әсіресе өтпелі кезеңдегі жастардың негізгі мәселесі гедонизм идеясының басымдылығы (рахаттана өмір сүру) болып отыр. Жас ұрпақтың өмірлік қарекеті мінез-құлықтың сәйкес үлгісін ашатын, қандай да бір қолданыстағы идеологияға бекітілмеген. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі құндылық бағдарлары әлеуметтік жауапкершілік сезімі пайымдау мен мінез-құлықты анықтайтын, осы арқылы қоғамның қалыпты дамуына және әлеуметтікке қарсы құбылыстар индикаторларының төмендеуіне ықпал ете отырып, сәйкес моралдық-адамгершілік орнатуларын нығайтуы тиіс.

### **1.5 Денсаулық және бос уақыт саласында жастардың заманауи құнды мақсаттарының ерекшеліктері**

Жастардың денсаулығы ұлттың денсаулығын қамтамасыздандыру үшін орталықтандырылған рөлін қамтиды және қоғамның тіршілік әрекетін қолдау жөніндегі мемлекеттік институттардың қызмет етуінің бірінші кезекті

мақсаты болып табылады. Мемлекеттік түрлі бағдарламалардың негізгі ұраны: «Жастардың денсаулығы – бұл қоғам денсаулығы». Сондықтан да жас қазақстандықтардың ортасындағы денсаулық құндылығының артықшылығы – жастар саясатының маңызды аспектірінің бірі.


Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтауы бойынша «денсаулық – бұл аурулар мен физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, сонымен бірге физикалық, рухани және әлеуметтік саулық күйі».

Денсаулық – бұл еңбекке қабілеттігін анықтайтын және жекешілігін үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін адамның маңызды қажеттіліктерінің бірі. Ол қоршаған әлемді тануға, өздігінен бекітуге және адам бақытына маңызды алдыңғы себеп болып табылады. Белсенді ұзақ өмір – бұл салауатты өмір салтының нәтижесі. СӨС – бұл белсенді тіршілік қабілетінде пайда болатын және сол уақытта қоршаған ортаның жағымсыз өзара әсер етулерінен қорғайтын, қартайғанға дейін өнегелі, психикалық және физикалық денсаулықты сақтауға мүмкіндік беретін өмір салтының қағидаларына негізделген.

Денсаулық көптеген түрлі факторларға байланысты. Оның 50% өмір салтымен, ал 20% - экологиялық шарттармен, 20% - биологиялық факторлармен (тұқым қуалаушылық) және 10% - медицинамен анықталады деп саналады. Сәйкесінше, егер адам салауатты өмір салтын қадағаласа, онда 50% оның денсаулығының жоғары деңгейін анықтайды деп айтуға болады. Және, керісінше, егер адам салауатты өмір салтын ұстамаса, онда ол жалпы хал-жағдайын нашарлатады және уақытынан бұрын қартаюға итермелейді. Осыдан қорытындылай келе, адам өз өмірінің ағымында салауатты өмір салтының тәртібінде болуы тиіс.


Бос уақыт өз кезегінде салауатты өмір салтын қамтамасыздандыру факторы болып табылады, сондықтан да бос уақыт ұйымдастыру арқылы СӨС қалыптастыру – мемлекет жүргізе алатын тегіс қамти алатын насихаттау нысаны болып табылады.

2017 жылы «Жастар» Ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген «Жастарды рухани-өнегелік тәрбие саласындағы қазақстандық құндылықтарды зерделеу» зерттеуіне сәйкес «Сіз қаншалықты жиі спорт залына, стадионға, бассейнге және басқаларға барасыз?» деген сұраққа 18% айына бір рет, ал 16,3%- аптасына екі және одан көп, 14,5% айына үш-төрт рет, 14,4% жылына бір рет спортпен айналысады, 2,1% жауап беруге киналады, 34,1% спорт мекемелеріне бармайды (сур.19) [14, б. 74].



**Сурет 19.** «Сіз спорт залы, стадион, бассейн және т.б. қаншалықты жиі барасыз?» сұрағына берілген жауаптарды бөлу (%-да)


Сонымен қатар, осы зерттеу аясында заманауи жастардың темекі шегуі туралы сауалнама жүргізілді, «Сіз темекі шегесіз бе?» деген сұраққа 84,2% сауалнамаға жауап берушілер теріс жауап берді және 15,1% ғана темекі шегетіндері туралы мойындады (сур.20) [14, б. 200].



**Сурет 20.** «Өтініш, айтыңызшы, Сіз шылым тартасыз ба?» сұрағына берілген жауаптарды бөлу (%-да)

Жоғарыда ұсынылған деректерден қорытындылай келе, денсаулық заманауи жастар үшін екінші деңгейлі құндылық болып табылады. Қазіргі уақытта жас ұрпақтардың құндылықтарын орнату жоғары материалдық саулықтарына және өмірлік сәттіліктерге қол жеткізумен байланысты, соның салдарынан денсаулық пен салауатты өмір салты екінші жоспарға болады (сур.21).





**Сурет 21.** Салауатты өмір салтының үш құрамдауыштары

Сурет 21 «зиянды әдеттерден бас тарту», «дұрыс тамақтану» сияқты осындай санаттар «дұрыс физикалық демалыс» қалыптастырылуы тиіс орындарда жастардың демалысын құрастырудағы өте дұрыс тәсілін көрсетеді.


Заманауи қоғамда адамның бос уақыты нақты құнылық болып табылады, өйткені ол жеке дамуы үшін беріледі. Заманауи жастардың белсенді еліктіргеніктен спорттық қызметке ауысуы кеңсе жұмысына ерекше заманауи тұрмыс салтының ерекшелігімен қорытындыланады.

Бос уақыт қызметін өздігінен іске асыру және сан алуандығы үшін мүмкіндіктердің өсуіне қарамастан жастардың көп бөлігі дәстүрлі белсенді емес демалыс түрлерін қолданады. Жастардың кейбір пайызы виртуалды тілдесуге және Интернет желісінде болуды ұнатады. Көбінесе мәдени-ойын-сауық мекемелердің болмуынан және ауылдық жерлерде тиісті инфрақұрылымның төмен деңгейінен ауыл жастарының бос уақытын ұйымдастыру өзекті мәселе болып табылады.

Салауатты өмір салтына қатысты «Рухани жаңғыру» идеясын іске асыру келесі үлгіде іске асырылады (сурет 22).



## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ



**Сурет 22.** «Рухани жаңғыру» негізгі бағыттары бойынша салауатты өмір салтын дамыту

▪ Салауатты өмір салтына қолданылатын бәсекелікке қабілеттілік келесі үлгіде жүзеге асырылады:

– Инклюзивті және барлық қалғандардың қатарына ерекше қажеттіліктерімен (мүгедектік, даму ерекшелігі) жастарды қамтуы тиіс спортты мемлекеттік қолдау.

– Медицинаның бәсекелікке қабілеттегіне бейімделу және түрлі бағытта медицина қызметкерлерін сапалы дайындау.

– Жеке деңгейде өздігінен дамуға, жаңа жетістіктерге тұрақты ынталануға және спортта, белсенді бос уақытта (дайвинг, климбинг, кэмпинг) үздік нәтижелер алуға және дұрыс деңгейде өз денсаулығын сақтауға бейімделуді насихаттау керек.

▪ Прагматизм салауатты өмір салты сияқты келесіде пайда болады:

– Дұрыс тамақтану (тәртіпті, пайдалы ас басымдылығын, үйлестірілген тағамды қадағалау).

– Күн тәртібін, тайм-менеджмент қадағалау және жұмыс мөлшерін жоспарлау.

– Спортпен айналысу, табиғатқа шығу белсенді бос уақыт (дайвинг, климбинг, кэмпинг, серуендеу және жүгіру).

▪ Салауатты өмір салтының мәнмәтінінде ұлттық бірдейлік келесі үлгіде жаңғыруы тиіс:

– Ұлттық спорт түрлерін халыққа тарату (қазақша күрес, ат жарысы);

– Көңіл көтеру орындарында ұлттық спорт ойындарын тарату: садақ ату тирімен қатар, асық ойнау және басқа да спорттық көңіл көтерулер.

– Фастфудтан бас тартуды үйдің ұлттық тағамдарына ауыстыру.

▪ Денсаулыққа қатысты білім мәдениеті келесілерге ұштасуы қажет:

– Жас қазақстандықтарды салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану саласындағы заманауи трендтер туралы ақпараттандыру.

– Өз денсаулығының жағдайын жүйелі мониторингілеу жас қазақстандықтарға арналған күнделікті әдеттің бір бөлігі ретінде бейіндеу.

– Салауатты өмір салты жастарға арналған өзінше бір мәдениет болып қалыптасуы тиіс, дәрігерге бару тек ауырған жағдайда орын алып қана қоймай, сонымен қатар, алдын алу шаралары ретінде жүзеге асырылуы қажет.

▪ Денсаулыққа қатысты эволюциялық дамулар келесідей құрамдас бөліктерді қамтиды:

– Отбасының барлық мүшелерін салауатты өмір салтына біріктіру, отбасылық СӨС мәдениетін қалыптастыру.

– Спортпен сабақтары мен диеталардағы тәртіп пен жүйелілік.

– Жылдам тиімділікке ұмтылудың, стероидтер мен допингтердің болмауы.

▪ Салауатты өмір салты мәнмәтінінде сананық ашықтығы мынларды қамтиды:

– Физикалық жүктеме саласында заманауи трендтерді қайта қабылдау.

– Көліктің балама түрлеріне өту (велосипедтер, гироскутерлер, самокаттар).

– Тәуелділіктен босау ретіндегі жаман әдеттерден бас тарту және салауатты өмір салтына деген сәнді ұстану.

Досуг жастармен көптеген әлеуметтік-мәдени қажеттіліктер жүзеге асырылатын өмір сүрудің негізгі саласы ретінде қабылданады, сондықтан жас адамның өмірге қанағаттандырылуы осыған байланысты болып табылады. Сәйкесінше, қазіргі таңдағы жас қазақстандықтардың бос уақтыны реттеуді бір жағынан, тұлғаның дамуына өз үлесін қосатын мәдени уақыт өткізу ұйымдарында қоғам қажеттіліктеріне жауап беретін бос уақытын өткізу типін (белсенді демалыс басымдылықтарын) қалыптастыруға, екінші жағынан, сол жастардың әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қалыптастыруға бағыттау қажет.

Бос уақтың тиімсіз ұйымдастырылуы, бос уақыттағы әрекеттердің біріктірілмеуі жас тұлғаның бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

## **1.6 Құндылықтар жүйесі мәнмәтінінде жастардың әумесерлік мінез-құлқы**

«Әумесер» деп белгілі бір әлеуметтік стандарттар мен нормаларға сай келмейтін мінез-құлқты атайды. Қандай қоғамда болмасын, әумесерлікті анықтау ерекшеліктері құндылықтар жүйесінің қабылдануы мен түрлі тарихи, географиялық, әлеуметтік және мәдени шарттардағы мінез-құлқының қабылдануы мен дамуына байланысты болды.

Әумесерлік міндетті түрде жағымсыз мәнмәтінге болуға тиіс емес, ол жағымды жақтарға да ие. Әумесерліктің жағымды жағы тарихи үдеріс барысындағы құндылықтар жүйесіне мен мінез-құлқы үлгісіне бейінделу. Қазіргі таңда, әумесерлік жағымды қызметтерді орындауда, себебі бұған дейінгі құндылықтар дұрыстығына күмән келтіреді, және ақыр соңында қоғам дамуына алып келеді. Дәл осылай 20-шы жүзжылдықтың бірінші жартысында шығыс қоғамының қайта жаңғыруы барысында болған еді. Әумесерліктің жағымсыз әсері әлеуметтік институттардың ұйымдастырылмауы мен тұрақсыздығы болып табылады, бұл саяси институттардың, экономиканың және тұтастай қоғам дамуына кері әсер етеді. Әумесерліктің өз шектері болады, әсіресе, әрбәр қаланың өз шектері мен жергілікті халық топтарымен әлеуметтік шоғырланған негізде құралған өз әлеуметтік мәдениетіне ие шоғырланулары бар ірі қалаларда байқалады.

Әумесерлік әлеуметтік-қоғамдық кең деңгейде жеке тұлғалар арасындағы өзара қатынастағы басымдылық болып, заңдылықтар мен келісім қағидаттарына негізделген тиімділік емес, негізгі күш болып саналатыны білдіреді. Яғни әлеуметтік-байланыс форматы «күштінің құқығы» қағидатындағы тұлғалар арасындағы құрастырылған.

Әумесерлік әрекеттің мысалдары болып келесілер табылады: қылмыскерлік, алкоголизм, нашакорлық, өз-өзіне қол жұмсау, қаңғыбастық, жезөкшелік. Жасөспірімдердің әумесерлік мінез-құлықтары әлеуметтік-төмен жағдайларда қалыптасады, және, соның салдарынан, ауытқулы мінез-құлық нысандары жастардың осы мінез-құлық үлгісіне ену жолымен бойларына сіңіріледі.


Жастар – өкілдері басқа да жас топтарымен салыстырғанда өз мақсаттарына қол жеткізуде қаржылары шектеулі жағдайда, бұл оңай жолмен ақша табу үшін құқықбұзушылық әрекеттерді жасауға итермелейді [21, с. 181].

Жастардағы әумесерлік мінез-құлықтың даму алғышарттары келесілер болуы мүмкін: экономикалық және әлеуметтік-біртұтастық. Әумесерлік мінез-құлықтың экономикалық себептері жеке тұлғаның оңай қаржыға батуға мәжбүрлейтін қаржылық-материалдық қажеттіліктердің жетіспеушілігі болып табылады. Экономикалық деректер көрсеткендей, Қазақстандағы экономикалық жағдай жастардың әумесерлік мінез-құлық танытуларына жол ашады, себебі жұмыссыздық аталған әлеуметтік мәселенің басты қозғаушы күші болып қалып отыр.

Әумесерлік ойлаудың әлеуметтік-психологиялық қалыптасуының ерекшеліктері болып мақсат айқындалып, алайда оған қол жеткізуде қаржылық шектеулер немесе мүлде болмауы жағдайы табылады. Олай болса, тұлға мақсатына қол жеткізуде заңсыз әдістерге жүгінеді [7, с. 151]. Әумесерлік мінез-құлық дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік-құндылықты алғышарттары құндылықтардың жетекші жүйесінде өз келбетін табуда, мұнда күшке басымдылық беру ерекшеліктерге және жетекшілікке ие, және көп жағдайда қандай да бір моральдік бедел формуласымен мойындалады, және керісінше, тиімділік пен әділдік қажет емес қасиеттер қатарынан табылып және көпшілікпен бас тартылады.


Қазіргі таңдағы жастарымыздың әумесерлік мінез-құлықтың алдын алу заңсыз әрекеттер мен істерден туындауы мүмкін салдарлардан ескертуге бағытталған бірқатар тәрбиелік шараларды өткізумен байланысты, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу және тұлғада әлеуметтік-мәдени бейінділіктер қалыптастыру барысында маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің деректері соңғы жылдары жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың өскендігін көрсетеді. Сонымен, 2018 жылы 5 ай ішіндегі 15 тен 29 жас аралығындағы жастармен жасалған қылмыстардың жалпы саны 20 694 құрады, бұл 2015 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 6,5% артқан.



Сурет 23. 15 тен 29 жас аралығындағы жастармен жасалған қылмыстардың саны

2018 жылы 6 ай ішінде 15-29 жас аралығындағы ерлер арасында 310 өз-өзіне қол жұмсау жағдайы, оның ішінде, 34 жағдай жасөспірімдер, әйелдер арасында – 105, оның ішінде 20 жағдай жасөспірімдерге қатысты туындаған.



Сурет 24. 15 тен 29 жас аралығындағы жастармен жасалған өз-өзіне қолжұмсаулар саны

Жастардың әумесерлігі заманауи қазақстандық қоғамның даму мәнмәтінінде маңызды әлеуметтік мәселе болып қалып отыр. Әумесерлікті түрлі әлеуметтік, аймақтық, экономикалық, мәдени жіәне басқа да факторлар әсер ететін заңдылықтар мен өз ерекшеліктеріне ие көпжоспарлы құбылыс ретінде қарастыру қажет.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын енгізу және жүзеге асыру әумесерлік мінез құлықтың алдын алуда айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Жалпы ұлттық «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бұған дейінгі жарияланған жалпыұлттық ойлармен салыстырғанда «Рухани жаңғыру» тұлғаға, азаматқа тікелей бағытталған. Бесекеге қабілеттілік, білім мәдениеті, сананың ашықтығы, прагматизм сияқты құндылықтар мен идеалдар сәйкес мінез-

құлық үлгісі мен әлеуметтік мақұлданған құндылықтарды тәрбиелеп және сәйкес үлгіге келтіруі тиіс. Білім мәдениетіне, еңбекке, білім беруге тәрбиелеу әдісімен жастар мақсатқа жетудің заңды жолдарын түсінеді.

Индивид биоәлеуметтік нысан ретінде индивидті оның одан әрі әлеуметтенуі барысында қалыптастыратын сыртқы ортаны қабылдайды. Құндылықтар индивидтің әлеуметтенуі барысында маңызды рөл атқарады және аталған индивидтің мінез-құлық үлгісін анықтайды, сондықтан да социум ішіндегі моралды-психологиялық және әлеуметтік-біртұтастық атмосфераны құрау индивидтің әлемді қабылдауы мен әлемді түсінушілігін құрастыруда алғашқы ретті рөл атқарады.

Жастар ортасындағы құрылымсыз құбылыстардың алдын алу және жасампаздық әрекетке бағытталған мінез-құлықты қалыптастыру барлық әлеуметтік институттар негізіне жататын бірінші кезекті міндет болып табылуы тиіс: отбасы, білім беру, дін, мәдениет, көңіл көтеру индустриялары, бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдар.





## 2 ЗАМАНАУИ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР

### 2.1. Патриоттықты және ұлттық бірегейлік нығайтуға қатысты ұсыныстар

Қазақстандық заңнамаға сәйкес, жастар – бұл 14 тен 29 жас аралығындағы халық санаты. Жоғарыда келтірілген әлеуметтік зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген әлеуметтік зерттеулер нәтижелері, Қазақстанның жас ұрпағы өзінің қоғамдық-саяси көзқарастарында саясатқа қарсы және әлеуметтік өзгермелі екендігі басым. Аталған жағдай, көшпелі қоғамға сай, жалпы қазақстандық саяси мәдениет салдары болып табылады. Сондықтан да мұндай жағдайларда патриотизм мен ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған заманауи жастардың патриоттық сезімдерін дамыту өзекті. Патриоттық тәрбиелеу оқушыларда олардың көңіл күйлік психологиялық қабылдаулары шамасында таратылуы қажет.

Патриотизмді тәрбиелеу бойынша шараларды үш құраушы бөліктерге бөу қажет: біріншісі – бұл мектептегі жұмыс: белгілі бір пәндер аясында тарихи маңыздылығы бар орындарға баруларды ұйымдастыру. Екіншісі – бұл патриоттық бағыттағы түрлі шараларды өткізуге бейінделген елдің студент жастарымен жүргізілетін жұмыс. Үшіншісі – бұл жұмыс жасайтын жастар санатына мақсатталған патриотизм идеясын тарату мен ұлттық бірегейлікті сақтау бойынша ақпараттық-үгіт-насихат жұмысы.

Патриоттық тәрбиелеу 2- бағыт бойынша жүзеге асырылады (сурет 25):

	<b>Ұйымдастырушылық-техникалық жұмыс</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Лекциялар, тарихи орындарға бару, саяси-қоғам қайраткерлерін шақыру, саяхаттаулар</li><li>• Патриоттық тақырып бойынша шығармашылық жұмысты ұйымдастыру, патриотизм тақырыбымен байланысты қоғамдық шараларға тарту</li></ul>
	<b>Ақпараттық-үгіт-насихат жұмысы</b> <ul style="list-style-type: none"><li>• Оқушылардың өзін тартумен оқу орындары негізінде ақпараттық-түсіндіруші топтар (АТТ) құру;</li><li>• Патриоттық бағытта мәдени тұтынылатын өнім жасау (жарнамалық, кинематографиялық);</li><li>• Төрт саланы қамту арқылы БАҚ-пен белсенді жұмыс жасау, включая четіре сфері: теледидар, радио, басылым және әлеуметтік желілер</li></ul>

Сурет 25. Жастарды патриоттық тәрбиелеу форматы

Жастарды патриоттық тәрбиелеу барысында мектептегі білім беру, жекелеп айтқанда, «Өзін-өзі тану» және «Қоғам тану» пәндеру маңызды рөл атқаруы тиіс. Аталған мектеп пәндері аясында психологиялық деңгейде

адамның оның Отанымен тарихи байланысы және патриоттық рухы сезімі құралуы тиіс. сабақ барысында белсенді азаматтық жағдайда қалыптастыру қажет болады, бұл одан әрі азаматтық-құқықтық мәдениеттің дамуына үлес қосатын болады.

Патриоттық шараларға белсенді жұмылдырылған жасөспірімдерді, ата-аналарды, мұғалімдер мен тәрбиешілерді интандыру және мадақтау қажет.

Ақпараттық үгіт-насихат жұмысы – бұл патриотизм құндылықтарын және Қазақстанның жас азаматтарының ұлттық бірегейліктерін тәрбиелеу мен енгізудің негізгі әдістерінің бірі. Патриоттық сезімдер мен этникалық бірегейлікті қалыптастыру мемлекет пен қоғам мүдделеріне сай келуі тиіс.

## **2.2. Қазақстандық жастардың санасында еңбек құндылығын нығайту бойынша ұсыныстар**

Еңбек санаты «Рухани жаңғыру» тұжырымы аясында орталық жағдайды иеленуде. Кәсіби қызмет ретінде еңбек қана «қоғамдық сананы жаңғыртудың» негізін құрауы қажет. Осыған байланысты, сәйкес ұйымдар бойынша жастарға кәсіби білім беру міндеті алға қойылады. Сондықтан да елдің жас буының тәрбиелеу екі мақсатты ұстанады: бір жағынан, бұл «төртінші өнеркәсіптік төңкеріс» саяси-экономикалық дамудың заманауи уақыт талаптарына жауап беретін еңбек құндылықтарын тәрбиелеудің күрделі әлеуметтік үрдісі, ал екінші жағынан – бұл жастардағы еңбек тіртібіне тәрбиелеуге бағытталған бірқатар шаралар. «Еңбек» санатын түрліше талқылауға болады: жастардың заман талабына сай болуы, және жұмысқа деген жауапкершілікті және тәрбиелі қатынасты білдіреді.

Заманауи әлеуметтегі еңбектің мәні білім алмасудың заманауи технологиялық трендтерді қалыптастыратындығында болып табылады. Елбасы – Н.Ә. Назарбаевтың өзінің 2018 жылғы жолдауында айтып өткендей: «Білім беру, байланыс және жаңа индустрияландыру қажеттілігі бойынша стандарттау саласы жүйелерін бейіндеу қажет» [18]. Өндірісті технологияландыру үрдісі сияқты индустриализациялау сәйкес деңгейдегі білімді қажет етеді, сондықтан, «қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасында «еңбек» санаты орталық жағдайда қалып отыр.

«еңбек» түсінігі еңбек әрекеттерімен ғана шектеліп қоймай, қазақстандық қоғам үшін адамзат өмір сүруіне қажетті негіз ретінде қабылдануы тиіс.

Рухани-адамгершілік тәрбиелеу бойынша жүргізілетін шаралар аясында жастар ұзақ мерзімді перспективаларда еңбек мәнмәтініндегі білім беру мақсатқа жетудің негізгі құралы екендігін түсініп және игеруілері тиіс. Оған

қоса, пара беру, непотизм, трайбализм сияқты жағымсыз әлеуметтік құбылыстар қазақстан қоғамының табысты дамуына кедергі болуда.

Тұтастай алғанда, еңбек құндылықтарын тәрбиелеу бойынша үш тұжырымды сәйкестендіру қажет (сурет.26):



**Сурет 26.** Жастар арасында еңбек құндылықтарын қолдау бойынша шаралар

Тұтастай алғанда, еңбек құндылығын нығайту бойынша ұсынымдар оқытушылар мен студенттер арасында еңбек қызметінің мәнін игеру бойынша түсіндірме жұмыстары болып табылады. Және жұмыстың екінші аспектісі – бұл еліміздің инновациялық дамуының қозғаушы күші болып табылатын IT-технологияларға басымдылық берумен білім беру саласында бірқатар реформалар жүргізу.

### **2.3. Қазақстандық жастардың арасында отбасылық құндылықтарды нығайту негіздері**

Отбасылық қатынастың тоқырауы заманауи жастар ортасында өзекті тақырып болып табылады. Ол жастар қауымына кездесетін моралдық-құндылықты бейіндер және қаржылық-материалдық мәселелерге дейінгі түрлі әлеуметтік аспектілерді қамтиды.

Аталған тоқырау, кең таралған әлеуметтік құбылыс ретінде постиндустриялық қоғамның тұрақты әлеуметтік тенденцияларының бірі болып табылды. Ажырасулардың мебептері көптеген негіздерге ие, себебі

постиндустриялық қоғамның құрылуы қарсаңында адамның әлеуметтік мінезі өзгеріп, адамдардың мінездері мен олардың әлеуметтік дағдылары технологиялық араласулар арқасында қалыптасады. Сондықтан, қазіргі таңда отбасын жоспарлау үшін жаңа әлеуметтік және мәдени әсерлерді ескеру қажет деп танылады. Индивидуализация адамдардың әлеуметтік ойлау аясындағы жетекші заманауи тренд болып табылды. Аталған тұжырым британдық социолог Зигмунд Бауманмен келтірілді. Қоғам өмірінің индивидтеуінің негізгі әлеуметтік аспектілері, адамдарды жеке тұлға ретінде өз өмір сүрулерін жекеше жүзеге асыра алатындығына бағытталады, сондықтан әлеуметтік тәуелсіздік факторы қазіргі заманғы қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылды.

	<p><b>Заңнамалық негіз</b></p> <p>Отбасылық саясатты нормативті-құқықтық қамтамасыз ету;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасыларға қаржылық-материалдық қолдау көрсету;</li> <li>• Заманауи әлеуметтік және мәдени тенденцияларды ескерумен отбасы саясаты мәселесіне қатысты заңнаманы қайта қарау.</li> </ul>
	<p><b>Әкімшілік негіз</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Микро және макро деңгейлерде отбасы саясатына қатысты мәселелерді кешенді зерттеуді ұйымдастыру;</li> <li>• заманауи отбасы қалыптасуына әсер ететін заманауи экономикалық, әлеуметтік және мәдени құбылыстарды зерттеу.</li> </ul>
	<p><b>Тәрбие жұмысы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• "Өзін-өзі тану" пәні аясында мектеп оқушыларының жыныстық жетілуі сұрақтарының талқылануы мүмкін</li> <li>• Елдің студент жастарына арналған әлеуметтік-гуманитарлық пәндер аясында отбасы қатынасы курсын енгізу.</li> </ul>
	<p><b>Ақпараттық-үгіт-насихат жұмысы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Елдің еңбек етуші жастары үшін отбасылық құндылықтар маңыздылығы туралы әлеуметтік бейнежазбаларды тарату және тікелей көрсетілімдеу. отбасылық қатынастардың танымалдығы туралы фильмдер түсіру.</li> </ul>

сурет 27. Жастар арасында отбасы құндылықтарын қолдау бойынша шаралар

Отбасы құндылықтары келесідей аспектілерді қамтиды:

- Моралдық-жасампаздық нормаларының кешенін қамтитын қатынас құндылықтары;
- Ағымдағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени үрдістер;
- Постиндустриалдық қоғам құрылуы аясында отбасы дамуы мен өзгеруі;
- Отбасы институтының өзгеруі барысындағы әлеуметтік, мәдени және демографиялық салдарлар түсінігі.

Осылайша, отбасылық құндылықтарды нығайту бойынша шаралар тек үгіт-насихат түріндегі стандартты шаралардан ғана құралмауы шарт, сонымен бірге, отбасы институтының беделін көтеруді нығайту бойынша нақты амалдар да болып табылады.

#### **2.4. Жас қазақстандықтардың арасында салауатты өмір салты мен белсенді бос уақытты өткізуді дәріптеуге қатысты ұсыныстар**

Жастар денсаулығы – бұл қоғамның қалыпты қызмет етуі, еңбекке қабілетті азаматтарды физикалық және моралды-психологиялық жағдайда қолдауға бағытталған әлеуметтік-демографиялық ұлт әлеуеті.

Салауатты өмір салтын танымал ету бойынша ұсынымдар жүзеге асырылуы жүйелік сипатқа ие бірқатар шараларға бөлінеді.

СӨС қолдау өз денсаулығының жағдайына жауапкершілік сезімнің қалыптасуында маңызды рөл атқарады, бұл өз кезегінде, азамат пен патриот идеалына және құндылықтарға мойынсұнған әлеуметтік-зиялы тұлғаның қалыптасуына көмектеседі. Мемлекеттік шаралардың міндеттері «денсаулық» санатын әлеуметтік-маңызды құндылық нысанына келтіру, себебі жастар денсаулықты – жастық шақтың бір бөлігі деп ойлайды [22].

Сондықтан да салауатты өмір салтын насихаттау МНШ әлеуметтік бағытталуын жүзеге асырудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

СӨС танымалдығы жағдайында жұмыстарды жастардың жас ерекшеліктеріне қарай бөлу қажет: жасы 14 тен 17 жас аралығындағы жастардың бірінші санаты – мектеп оқышылары; 18 ден 23 жас аралығындағы екінші санат – студенттер, 24 пен 29 жас аралығындағы үшінші санат – жұмыс істейтін жастар. Мектеп, университет сияқты әлеуметтік институттардың тікелей әсеріндегі алғашқы екі санаттағы жастар көп жағдайда салауатты өмір салтын насихаттауға тартылулары мүмкін.

Жастардың үшінші санаты өз еңбегі, кәсіби қызметі бағытында және уақыт тығыздығына байланысты аз деңгейде мемлекеттік институттар жүйесіне тартылған. Сондықтан да аталған санаттағы жас қазақстандықтарды спорттық шараларға тарту қажеттігі арта түседі.



Бірінші және екінші санат – мектеп оқушылары мен студенттермен жұмыс істеу барысында салауатты өмір салтын насихаттау физикалық жаттығулар жасау және басқа да шаралармен шектеліп қалмауы тиіс, тәрбиелік сипатта болуы қажет [23], ал үшінші санаттағы жастармен жасалатын жұмыс басымдылықтары физикалық қызмет/жаттығулармен нақытлуы керек.



Осылайша, Қазақстанның жас азаматтары арасында СӨС насихаттау мақсаты әлеуметтік-маңызды құндылық ретінде жауапкершілік пен түсінушілік сезімін дамыту. Аталған идея мектеп оқушылары мен студенттер санатынан құралатын жастар денсаулығын нығайту бойынша шаралар негізіне кіруі қажет.

## 2.5. Жастардың әумесерлік мінез-құлқының алдын-алуға қатысты ұсыныстар

Әумесерлік мінез-құлық таныту «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттықөбағдарламасы мен ресми мемлекеттік жастар саясаты аясында маңызды міндеттердің бірін білдіреді, себебі мінездің аталған типі жастардың табиғи әлеуметтену және әлеуметтік-қабылданатын және құндылықтарды игеру үрдісіне қауп төнуін білдіреді.


Экономикалық көзқарас тұрғысынан, қазақстандық әлеумет кері оралы кезеңін бастан кешіруде, оның барысында тұрақсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай адамдардың мінездеріне әсер етеді. Айтарлықтай маңызды рөлді әлеуметтік мәдени деңгейдегі жаһандандыру үрдісінің әсері атқарады. Әлеуметтік топтастырылулар бойынша Қазақстандық жастар префигуративті мәдениетке жатады, оларға ұрпақтар арасындағы әлеуметтік-мәдени байланыстар үзілуі тән. Ондай жағдайда, қоғам «инстинкті» әрекетті ұстанады, онда әлеуметтік нормалар екінші жолға қойылады. Осылайша, қазақстандық жастардың әумесерлік мінез-құлықтарының негізгі себептерін сәйкестендіруге мүмкіндік беріледі: біріншісі, әлеуметтік-экономикалық себептер, және екіншісі – қоғамда орын алатын әлеуметтік-мәдени өзгерістер.

Тұтастай алғанда, әумесерлік әрекеттің алдын алу келесідей мақсаттарға ие:

Бірінші бағыт – бұл әкімшілік жұмыс. Оның мәні заманауи қазақстандық жастар мінездеріндегі ауытқулар себептері мен салдарларын кешенді зерттеу өткізуде болып табылады. Себебі әумесерлік мінез сипаты өздігінен пайда болмайды, әлеуметтік үрдістер заңдылығы болып табылады. Мінез-құлықтың аталған типінің аймақтық сипаттамаларын зерттеу аймақтар бойынша әлеуметтік-экономикалық даму бағытында айтарлықтай рөл атқарады.

Әумесерлік мінез-құлық танытудың алдын алу бойынша әкімшілік міндеттердің бірі болып, жекелеп алғанда өз-өзіне қол жұмсауда белсенді әлеуметтік жұмыс табылады. Аталған қатынастағы қазақстандық әлеумет мәселесі менталдық сипатқа ие, себебі өз ойларын және сезімдерін жеткізу жалпылама қабылданған психологиялық қасиеттердің жол берілмейтін көзқарастары іспеттес. Бұл өз кезегінде әлеуметтік жұмысқа кедергі келтіреді.





- **Сурет 29.** Әумесерлік мінез-құлықтың алдын алу шаралары

